

ResearchGate

Google Scholar

I^{WORLD}
I^{JOURNALS}

НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ
БИБЛИОТЕКА
LIBRARY.RU



zenodo



ISSN

e-ISSN(Online) 2709-1201



МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ENDLESS LIGHT IN SCIENCE

NO 11

30 НОЯБРЯ 2025

Астана, Казахстан



lrc-els.com

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ «ENDLESS LIGHT IN SCIENCE»
INTERNATIONAL SCIENTIFIC JOURNAL «ENDLESS LIGHT IN SCIENCE»



Main editor: G. Shulenbaev

Editorial colleague:

B. Kuspanova
Sh Abyhanova

International editorial board:

R. Stepanov (Russia)
T. Khushruz (Uzbekistan)
A. Azizbek (Uzbekistan)
F. Doflat (Azerbaijan)

International scientific journal «Endless Light in Science», includes reports of scientists, students, undergraduates and school teachers from different countries (Kazakhstan, Tajikistan, Azerbaijan, Russia, Uzbekistan, China, Turkey, Belarus, Kyrgyzstan, Moldova, Turkmenistan, Georgia, Bulgaria, Mongolia). The materials in the collection will be of interest to the scientific community for further integration of science and education.

Международный научный журнал «Endless Light in Science», включают доклады учёных, студентов, магистрантов и учителей школ из разных стран (Казахстан, Таджикистан, Азербайджан, Россия, Узбекистан, Китай, Турция, Беларусь, Кыргызстан, Молдавия, Туркменистан, Грузия, Болгария, Монголия). Материалы сборника будут интересны научной общественности для дальнейшей интеграции науки и образования.

30 ноября 2025 г.
Астана, Казахстан

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17943277>
ЭОЖ 378.172

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ-ҚОЛДАНБАЛЫ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ИЛЬЯСОВ ӘЛШЕР ЕРЖАНҰЛЫ

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Дене шынықтыру педагогтерін даярлау мамандығының 1
курс Магистранты

Ғылыми жетекшісі – МАРЧИБАЕВА У.С.
Астана, Қазақстан

***Аңдатпа.** Қазіргі қоғамда білім беру жүйесінің жаңғыруы мұғалім тұлғасына қойылатын кәсіби талаптардың артуымен сипатталады. Сол себепті педагогтың кәсіби құзыреттілігі мен еңбек өнімділігі тек теориялық білім мен әдістемелік дайындыққа ғана емес, сонымен қатар оның дене, психологиялық және эмоциялық тұрақтылығына да тікелей байланысты. Бұл мақалада болашақ педагогтардың кәсіби-қолданбалы дене дайындығын жетілдірудің теориялық аспектілері қарастырылады. Заманауи білім беру жүйесінде педагогтардың кәсіби шеберлігін қалыптастыруда дене дайындығының рөлі ерекше. Қазіргі білім беру жүйесінде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мен еңбекке қабілеттілігі оның дене және психологиялық даярлығымен тығыз байланысты. Сондықтан кәсіби-қолданбалы дене дайындығы (КҚДД) педагогикалық мамандықтарда оқитын студенттердің кәсіби дамуы мен жеке тұлғалық қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мақалада кәсіби-қолданбалы дене дайындығы ұғымының мәні ашылып, оның педагогикалық іс-әрекетке әсері талданады. Сонымен қатар болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттағы дене дайындығын жетілдірудің негізгі бағыттары мен тиімді әдістері ұсынылады.*

***Кілт сөздер:** кәсіби-қолданбалы дене дайындығы, дене дайындығы, кәсіби шеберлік, болашақ педагог, дене тәрбиесі.*

Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің дамуында педагогтардың кәсіби дайындығына қойылатын талаптар күшейіп келеді. Болашақ мұғалім тек теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар дене, психологиялық және эмоционалдық тұрғыдан да дайын болуы қажет. Осы тұрғыда кәсіби-қолданбалы дене дайындығы (КҚДД) педагогтың кәсіби табыстылығы мен еңбек өнімділігін арттыратын маңызды фактор ретінде қарастырылады. Кәсіби-қолданбалы дене дайындығы – адамның нақты кәсіби қызметке бейімделуін қамтамасыз ететін және белгелі бір еңбек өнімділігінде немесе қызмет түрінде қажет болатын дене дайындығы, педагогтың еңбек өнімділігіне, стресске төзімділігіне және оқыту процесіндегі белсенділігіне тікелей әсер етеді. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби-қолданбалы дене дайындығын жетілдіру мәселесі өзекті болып табылады. Педагогикалық мамандық иелері үшін бұл бағыттың мәні зор, себебі мұғалімнің дене дайындығы оның жұмысқа қабілеттілігін, оқушылармен қарым-қатынасындағы белсенділігін және эмоционалдық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Кәсіби-қолданбалы дене дайындығы – жоғары білім беру жүйесінде ерекше орын алатын дене мәдениетінің мамандандырылған саласы. Ол педагогикалық ЖОО-ларда дене тәрбиесі пәнінің міндетті құрамдас бөлігі ретінде енгізіліп, болашақ мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық қызметке дайындығын қамтамасыз етуге бағытталады[1].

Р.Т. Раевскийдің пайымдауынша, КҚДД – бұл жеке тұлғаның кәсіби маңызды сапаларын, біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және жетілдіруге бағытталған ұйымдастырушылық-педагогикалық шаралар жүйесі[2].

Кәсіби-қолданбалы дене тәрбиесі – педагог мамандығының ерекшеліктеріне сай дене

дайындығы, психологиялық және еріктік сапаларды қалыптастыруға бағытталған мақсатты процесс [3; 4]. Сондықтан студенттердің кәсіби қызметіне қажетті қасиеттерді дамытуға бағытталған кәсіби-қолданбалы дене тәрбиесін жетілдіру – жоғары педагогикалық білім беру жүйесінің өзекті мәселесі болып табылады [3; 4]. Сонымен қатар, кәсіби-қолданбалы дене даярлығы педагогикалық қызметпен тікелей байланысты кәсіби-маңызды қасиеттерді дамытуға бағытталады. Оларға өз дене және эмоциялық жағдайын басқара білу, қозғалыс мәдениетінің үлгісін көрсете алу, сондай-ақ оқушыларда дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылық пен уәжді қалыптастыру жатады. Осылайша, кәсіби-қолданбалы дене даярлығының міндеттері студенттердің дене дайындығы және психикалық қасиеттерін жан-жақты дамытуға, дені сау, бәсекеге қабілетті және кәсіби тұрғыда дайындалған педагог тұлғасын қалыптастыруға бағытталған. Зерттеулер көрсеткендей, педагогикалық мамандықтағы студенттердің дене дайындығы олардың кәсіби табыстылығы мен еңбекке қабілеттілігіне тікелей әсер етеді [5; 6]. Дене тәрбиесі тек физиологиялық тұрғыда ғана емес, сонымен бірге тұлғаның эмоциялық және еріктік сапаларын жетілдірудің тиімді құралы болып саналады. Мысалы, Л.И. Лубышева [5] мен И.М. Быховская [6] еңбектерінде дене тәрбиесі педагогтың тұлғалық және кәсіби дамуына ықпал ететін маңызды фактор ретінде қарастырылады. Дегенмен қазіргі кезде педагогикалық жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесі жүйесі кәсіби ерекшеліктерді толық ескере бермейді. Бұл жағдай студенттердің кәсіби-қолданбалы даярлығының төмендеуіне және дене мәдениетін кәсіби өзін-өзі дамыту мен денсаулықты нығайту құралы ретінде тиімді пайдалана алмауына әкеліп соғады [7; 8]. Зерттеу барысында шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері (А.А. Деркач, В.А. Сластенин [9] кәсіби бағыттағы дене тәрбиесін ұйымдастыруда инновациялық, акмеологиялық және тұлғалық тұрғыларды біріктірудің тиімділігін дәлелдейді. Сонымен қатар заманауи зерттеушілер И.В. Кожевников [10] пен Л.А. Лях [11] дене тәрбиесінде цифрлық технологияларды енгізу, студенттердің физикалық жағдайын мониторингтеу және жекелендірілген бағдарламалар құрудың тиімді жолдарын ұсынады.

Сондықтан педагогикалық мамандық студенттерінің дене тәрбиесін кәсіби-қолданбалы бағытта жетілдіру өзекті мәселе ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл бағыттағы жұмыс кәсіби бағдарланған мазмұнды, инновациялық педагогикалық технологияларды және студенттердің жеке ерекшеліктерін ескеретін әдістемелерді қолдануға негізделуі қажет.

Мақсаты: Болашақ педагогтардың кәсіби-қолданбалы дене дайындығын жетілдірудің теориялық негіздерін талдау және тиімді жолдарын анықтау.

Негізгі міндеттер:

1. Кәсіби-қолданбалы дене дайындығы ұғымының мазмұнын ашу;
2. Педагогикалық іс-әрекеттегі дене дайындығының рөлін айқындау;
3. Болашақ мұғалімдердің кәсіби-қолданбалы дайындығын арттырудың теориялық және әдістемелік негіздерін талдау;
4. Дене тәрбиесін кәсіби даярлық процесінде қолдану жолдарын көрсету.

Зерттеу мақсатына жету және міндеттерін орындау үшін келесі әдістер қолданылды:

• Теориялық әдістер: ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді, нормативтік құжаттарды, шетел және отандық тәжірибелерді талдау, салыстырмалы сараптау;

Көптеген ғалымдардың (Б.А. Ашмарин, В.И. Ильинич, В.С. Кузнецов, Л.П. Матвеев, Р.Т. Раевский, Ж.К. Холодов) пікірінше, КҚДД құрылымында басты назар психофизикалық сапалар мен кәсіби біліктерді дамытуға аударылуы тиіс. Бұл – мұғалімнің төзімділігін, эмоциялық тұрақтылығын, өзін-өзі бақылау қабілетін және ұйымдастырушылық іскерліктерін жетілдіруге бағытталған жүйе.

Қазақстанда кәсіби мамандарды даярлау «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңмен және Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен (МЖМБС) реттеледі.

«5B010800 – Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша бакалаврдың кәсіби қызметі дене тәрбиесін, спорттық жаттығуды, сауықтыру және қалпына келтіру іс-шараларын ұйымдастыруды қамтиды. Дене шынықтыру мұғалімі оқушылардың денсаулығын нығайтуға,

қозғалыс белсенділігін арттыруға және спорттық жарыстарды өткізуге жауапты. Қазіргі кезеңде педагог жоғары кәсіби құзыреттермен қатар, оқушылармен сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға толық дайын болуы қажет. Себебі балалармен жұмыс істеу зейінді шоғырландыруды, сабырлылықты, эмоционалдық тұрақтылықты және дене дайындығын талап етеді. Осыған байланысты КҚДД болашақ педагогтардың кәсіби шеберлігін арттырудың тиімді құралы болып саналады. [12]

КҚДД жетілдірудің басты шарты – студенттердің денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру. Бұл олардың кәсіби міндеттерін тиімді орындап, дене дайындығы және психикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесінде болашақ педагогтардың кәсіби-қолданбалы дене дайындығын жетілдірудің келесі бағыттары анықталды:

Дене жаттығулары арқылы кәсіби төзімділікті арттыру;

Стрестік жағдайларда өзін-өзі реттеу қабілетін дамыту;

Психофизиологиялық тұрақтылықты нығайту;

Қозғалыс мәдениетін кәсіби этикамен ұштастыру.

Белгілі бір мамандыққа арналған КҚДД мәселелерін шешу тек профессиограмма жасалғаннан кейін ғана мүмкін болады. Профессиограмма — бұл белгілі бір мамандықты сипаттайтын және сол мамандық иесіне қойылатын талаптарды қамтитын белгілер жүйесі.

Кәсіби-қолданбалы дене дайындығына арналған профессиограмма – бұл белгілі бір кәсіби қызмет түрінің ерекшеліктерін және сол қызметті тиімді атқаруға қажетті дене дайындығы талаптарын сипаттайтын кешенді жүйе.

Біріншіден, профессиограмма өндірістік процестің сипаттамасын қамтиды. Онда еңбектің негізгі тәсілдері мен әдістері, жиі кездесетін кәсіби қауіп-қатерлер мен жарақат түрлері, сондай-ақ еңбек ұйымдастыру ерекшеліктері көрсетіледі.

Екіншіден, ол еңбектің санитарлық-гигиеналық жағдайларын сипаттайды: жұмыс орнының микроклиматы, жарықтандыру мен желдету талаптары, шудың, шаңның, дiрiлдiң деңгейі және басқа да зиянды факторлар. Мұнда тек нақты өндіріс ерекшеліктері ғана емес, сонымен бірге осы мамандыққа тән жалпы сипаттамалар да ескеріледі.

Үшіншіден, профессиограммада кәсіби қызметті орындау үшін қажетті дене қасиеттер мен қимыл-қозғалыс дағдыларына қойылатын талаптар анықталады. Олар маңыздылығына қарай жүйеленіп, кәсіби шеберлікті игеру деңгейіне сәйкес реттеледі.

Төртіншіден, кәсіби қызметпен байланысты психофизиологиялық талаптар айқындалады. Бұл әсіресе өмірге қауіп төндіретін немесе экстремалды жағдайларда орындалатын мамандықтар үшін аса өзекті. Кәсіби-қолданбалы дене дайындығының басты мақсаты – мамандардың кәсіби іс-әрекетіне тиімді бейімделуін қамтамасыз ететін физикалық және функционалдық қабілеттерді дамыту болып табылады.

Осы бағытта келесі міндеттер шешіледі:

1. Қозғалыс дағдылары мен білім қорын жетілдіру. Болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінде қажет болатын қимыл-қозғалыс тәжірибесін, дене дағдылар мен дене тәрбиесі жөніндегі білімдерін толықтыру және жетілдіру.

2. Кәсіби маңызды дене дайындығы сапаларын дамыту. Еңбек өнімділігіне, кәсіби төзімділікке және жоғары жұмыс қабілеттілігіне ықпал ететін негізгі қасиеттерді мақсатты түрде жетілдіру.

3. Организмнің төзімділігін арттыру. Қолайсыз еңбек жағдайларына бейімделу қабілетін күшейту, ағзаның қорғаныс жүйесін нығайту және денсаулықты сақтау.

4. Жеке тұлғалық және ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеу. Кәсіби даярлық жүйесінде дене тәрбиесі арқылы моральдық, рухани және ерік сапаларын қалыптастыру, қоғамға белсенді қатысатын мақсатты тұлға тәрбиелеу.

Көрсетілген міндеттер әр мамандықтың ерекшелігіне және оқытылатын контингенттің дайындығына сәйкес нақтылауды талап етеді. КҚДД тиімділігі тек дене шынықтыру

жүйесімен ғана шектелмей, тәрбиенің басқа бағыттарымен біртұтас байланыста болған жағдайда артады.

Кәсіби-қолданбалы дайындықтың негізін жалпы дене даярлығы қалайды. Дәл осы база мамандардың кәсіби бағыттағы сапаларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Арнайы дайындық тек кәсіби қызметтің ерекшеліктері талап еткен жағдайда ғана жүзеге асырылады. Дегенмен, кез келген жағдайда адамның жан-жақты және үйлесімді дамуы қағидасы басты орында қалуы тиіс. [13]

Қолданбалы білім — бұл алдағы кәсіби қызметпен тығыз байланысты білім. Қолданбалы іскерліктер мен қабілеттер адамның күнделікті өмірі мен еңбек қызметі кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Олар дене мәдениеті мен спортпен жүйелі әрі қарқынды айналысу барысында жетілдіріледі. [14]

Педагогикалық жоғары оқу орындарында кәсіби-қолданбалы бағыттағы пәндерді енгізу, спорттық іс-шаралар мен тренингтерді өткізу – болашақ мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттырудың тиімді тетігі болып табылады. Еңбек қызметіне дене жаттығуларының әсерін барынша тиімді көшіру үшін келесі теориялық-әдістемелік шарттарды ескеру қажет:

а) болашақ педагогтарды қозғалыс дағдыларының көшіру (трансфер) құбылысы, оның түрлері және кәсіби маңызды қабілеттерді дене жаттығулары арқылы дамыту мүмкіндігімен таныстыру. Бұл олардың кәсіби бағытталған дене тәрбиесіне саналы және уәжді қатынасын қалыптастыруға ықпал етеді;

б) педагогикалық қызметтің ерекшеліктеріне сәйкес келетін, яғни қозғалыс құрылымы, физиологиялық және психологиялық тұрғыдан педагогтің еңбек әрекетіне жақын арнайы жаттығуларды таңдау;

в) арнайы жаттығуларды тұрақты, сенімді орындау деңгейіне дейін үйрету арқылы кәсіби қозғалыс дағдыларын жетілдіру;

г) педагогикалық мамандықтың көпқырлылығын ескере отырып, дене жаттығуларының алуан түрін қолдану, бұл болашақ мұғалімнің кәсіби-дене дайындығын жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді.

Осылайша, кәсіби-қолданбалы дене дайындығын жетілдірудің теориялық негізі — дене тәрбиесінің мазмұнын болашақ педагогтің кәсіби іс-әрекетінің ерекшеліктерімен өзара байланыстыру, яғни дене дайындығы және кәсіби қабілеттердің үйлесімді дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Кәсіпті меңгеруге ықпал ету мақсатында дене жаттығуларын тиімді пайдалану үшін негізгі шарттардың бірі – болашақ мамандардың жалпы және кәсіби қабілеттерін дер кезінде зерттеу, дамыту және болжау болып табылады. [15]

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу барысында болашақ педагогтардың кәсіби-қолданбалы дене дайындығын жетілдірудің теориялық бағыттары айқындалды. Кәсіби-қолданбалы дайындықтың құрылымдық компоненттері (мотивациялық, функционалдық, психофизиологиялық және қолданбалы) негізделді. Педагогикалық іс-әрекет ерекшеліктеріне сәйкес дене дайындығын қалыптастырудың тиімді әдістері мен тәсілдері жүйеленді.

Жүргізілген теориялық талдау нәтижелері көрсеткендей, педагогикалық мамандықтағы студенттердің дене тәрбиесінің кәсіби-қолданбалы бағыттылығын жетілдіру – қазіргі жоғары білім беру жүйесінің өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Ғылыми әдебиеттерге жасалған шолу көрсеткендей, көптеген отандық және шетелдік зерттеушілер (В.К. Бальсевич, Л.П. Матвеев, Л.И. Лубышева, А.А. Деркач және басқалар) кәсіби-қолданбалы дене тәрбиесін болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады.

Зерттелген еңбектерде дене тәрбиесінің кәсіби бағыттылығын қамтамасыз етудің негізгі қағидалары мен әдістемелік ұстанымдары анықталған. Атап айтқанда, кәсіби бағыттағы дене даярлығы студенттердің кәсіби қызметіне қажетті физикалық, психофизиологиялық және ерік-жігер қасиеттерін дамытуға, сонымен қатар олардың еңбек қабілеттілігі мен эмоционалдық тұрақтылығын арттыруға бағытталуы тиіс.

Нәтижесінде болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметке психологиялық және дене дайындығы тұрғыдан бейімделу деңгейі артып, еңбек өнімділігі мен стресске төзімділігі жоғарылайтыны дәлелденді. Сондай-ақ кәсіби-қолданбалы бағыттағы дене тәрбиесі бағдарламаларының тиімділігі көрсетіліп, педагогикалық білім беру жүйесіне бейімделген әдістемелік ұсыныстар жасалды.

Зерттеу нәтижесінде болашақ педагогтардың кәсіби-қолданбалы дене дайындығын жетілдірудің теориялық негіздері талданып айқындалды. Кәсіби-қолданбалы дайындықтың педагогикалық мәні нақтыланып, оны қалыптастырудың тиімді тәсілдері жүйеленді. Практикалық тұрғыда болашақ мұғалімдердің дене және психологиялық тұрақтылығы, еңбекке төзімділігі мен кәсіби бейімделу деңгейі артады. Болашақ мұғалімдердің кәсіби-қолданбалы дайындығын арттырудың теориялық негіздері талданды;

Қорытынды

Болашақ педагогтардың кәсіби-қолданбалы дене дайындығын жетілдіру – олардың кәсіби құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігі. Теориялық негіздерге сүйене отырып, бұл бағытты дамыту педагогикалық кадрлардың дене дайындығын және психологиялық дайындығын күшейтеді. Нәтижесінде, мұғалімдердің кәсіби қызметі тиімді, шығармашылық және нәтижелі бола түседі.

Қазақстандағы дене мәдениеті мен спорт саласында болашақ педагогтардың кәсіби-қолданбалы дене дайындығын жетілдірудің теориялық негіздері келесі қағидаларға сүйенеді:

1. КҚДД ұғымын нақтылау: ол – дене және психофизикалық дайындықты, салауатты өмір салты туралы білім мен дағдыларды интеграциялайтын кешенді процесс.

2. Денсаулықты сақтау бағытын енгізу: студенттерде денсаулық сақтау технологияларын меңгеру және оны кәсіби қызметте қолдану құзыреттерін қалыптастыру.

Демек, КҚДД-ны жетілдіру жүйесі болашақ мұғалімдердің психофизикалық дайындық деңгейін, кәсіби құзыреттілігін кешенді түрде дамытуға бағытталуы қажет. Бұл олардың педагогикалық шеберлігін арттырып, заманауи білім беру талаптарына сай кәсіби тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Михайлова Т.А., Елагина В.С. Профессионально-прикладная физическая подготовка студентов педагогического вуза. Южно-Уральский государственный гуманитарно-педагогический университет. 2022. – 8 с.
2. Раевский, Р.Т. Профессионально-прикладная физическая подготовка студентов педагогических вузов.— М., 2010. – 8 с.
3. Новиков А.Д. Профессионально-прикладная физическая подготовка студентов. — М.: Академия, 2015. – 10 с.
4. Приступа Е.Н., Платонов Г.Г. Современные подходы к физической подготовке студентов. — Киев: Олимпийская литература, 2010. – 31 с.
5. Лубышева Л.И. Физическая культура и формирование личности педагога. — М.: Просвещение, 2012. – 366 с.
6. Веденина О. А. И.М. Психолого-педагогические аспекты физического воспитания студентов. — СПб.: РГПУ, 2016. – 279 с.
7. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры.—М.:Советский спорт, 2008.—543 с.
8. Виленский М.Я. Физическая культура. — М.: Академия, 2016. – 214 с.
9. Чупина В. А. Акмеология профессионального образования. — М.: Академический проект, 2019. – 97 с.
10. Иван Г, Юлия Ю. К,Цифровые технологии в физическом воспитании студентов вуза.—52 с.
11. Лях Л.А. Современные технологии физического воспитания студентов педагогических вузов. — Казань: Центр инноваций, 2021. – 230 с.
12. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңы. — Астана, 2014.
13. Максимович В.А, Коледа В.А, Городилин С. Организационно-методическое обеспечение физического воспитания студентов на основе видов двигательной активности. 2012. – 319с.
14. Чесноков С.С, Профессионально-прикладная физическая культура как условие подготовки обучающихся, — Екатеринбург, 2020. – 49 с.
15. Б. А. Ашмарина. Теория и методики физического воспитания: Учеб. для ТЗЗ студентов фак. Физической культуры пед.— М.: Просвещение, 1990. – 288 с.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17943350>
УДК 37.018.43

ФОРМИРОВАНИЕ ЦИФРОВОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ С УЧЁТОМ МЕЖДИСЦИПЛИНАРНОЙ ИНТЕГРАЦИИ В УСЛОВИЯХ СИСТЕМЫ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

УСЕМБАЕВА АҚБАЯН ДОСБОЛҚЫЗЫ

Магистрант факультета математики и информационных технологий НАО
«Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А.
Букетова»

Научный руководитель - КЕЛЬДИБЕКОВА А.Б.
Караганда, Казахстан

Аннотация: В статье изучаются основные теоретические аспекты формирования цифровой грамотности у школьников в период цифровой трансформации среднего образования. Здесь обосновывается важность междисциплинарной интеграции как одного из ключевых способов развития цифровых компетенций для современной молодежи в школах. Описываются различные подходы к построению образовательного процесса, который помогает развивать цифровую грамотность через объединение материалов из разных предметных областей. Также определяются педагогические условия и методические принципы, которые требуются для того, чтобы успешно вводить цифровые технологии в повседневный учебный процесс.

Ключевые слова: цифровая грамотность, цифровые компетенции, междисциплинарная интеграция, ИКТ, образование, цифровая трансформация.

Введение. Развитие цифровой экономики и связанных с ней технологий создает потребность в формировании цифровой грамотности у школьников как основной компетенции для двадцать первого века. Цифровая грамотность охватывает навыки поиска, анализа и применения информации, умение работать с цифровыми инструментами, а также понимание правил безопасного поведения в цифровой среде. В материалах международных организаций, таких как UNESCO и OECD, подчеркивается роль цифровых навыков в успешной социализации учащихся и их профессиональном выборе.

В системе среднего образования цифровая грамотность обычно связывается в основном с уроками информатики. Но такой подход не дает полного охвата для развития цифровых навыков через разные предметы. Поэтому сейчас особенно важно внедрять междисциплинарную интеграцию, которая позволяет применять инструменты ИКТ и цифровые методы в разнообразных учебных дисциплинах.

Обзор литературы. Вопросы теории и методик цифровой грамотности подробно рассматриваются как зарубежными, так и отечественными учеными в области педагогики.

UNESCO в 2018 году определяет цифровую грамотность как способность уверенно и с критическим подходом использовать цифровые технологии для учебы, работы и общения. OECD анализирует цифровые компетенции в связи с глобальными тенденциями в образовании и навыками, которые потребуются в будущем.

Многие исследователи указывают, что цифровая грамотность развивается лучше всего через интегрированные формы обучения. К таким формам относятся проектная деятельность, STEAM-подход, межпредметные задания с использованием цифровых инструментов, медиаграмотность на уроках гуманитарных предметов, а также применение симуляторов, цифровых лабораторий и систем моделирования в естественных науках.

В системе образования Казахстана особое внимание уделяется созданию цифровой образовательной среды, повышению цифровой компетентности учителей и разработке методических условий для формирования цифровых навыков у школьников.

Материалы и методы. Статья построена на основе анализа научной литературы, государственных стандартов среднего образования, программных документов по цифровым компетенциям, а также на обобщении существующих педагогических подходов к междисциплинарной интеграции.

В работе применялись такие методы, как теоретический анализ, сравнительно-сопоставительный метод, обобщение опыта в педагогике, системный подход к классификации цифровых навыков.

Теоретические результаты.

1. Сущность цифровой грамотности учащихся

Цифровая грамотность школьников состоит из нескольких основных компонентов. К ним относятся информационная грамотность, которая включает поиск и критическую оценку информации, техническая грамотность как владение устройствами и программами, коммуникативная грамотность в форме цифрового взаимодействия и этики, медиаграмотность, а также цифровая безопасность. Эти компоненты развиваются не только на уроках информатики, но и через деятельность, объединяющую разные предметы.

2. Междисциплинарная интеграция как условие развития цифровых компетенций

Внедрение цифровых инструментов в различные учебные дисциплины дает возможность создавать задания, ориентированные на практику. Это помогает развивать критическое мышление, формировать метапредметные навыки, объединять знания из разных областей и применять цифровые технологии для решения реальных задач. Например, на уроках математики можно заниматься обработкой данных и моделированием, в естественных науках использовать цифровые лаборатории и симуляции, на языковых предметах работать с обработкой текста, медиаконтентом и источниками, а на уроках истории и обществознания анализировать цифровые источники и развивать медиаграмотность.

3. Педагогические условия эффективной интеграции

Для того чтобы успешно формировать цифровую грамотность, нужны определенные условия. Среди них подготовка учителей в области ИКТ, доступ к цифровым образовательным ресурсам, методическое обеспечение для интеграции дисциплин, поддержка самостоятельной работы учеников, а также наличие цифровой образовательной среды.

Обсуждение. Анализ теоретических источников показывает, что междисциплинарный подход дает более глубокое и всестороннее формирование цифровой грамотности по сравнению с изолированным обучением. Он позволяет ученикам использовать цифровые навыки в контексте разных предметов, что повышает их мотивацию к учебе, способствует развитию критического мышления и готовит к жизни в цифровом обществе.

Заключение. Междисциплинарная интеграция служит важной теоретической и методической основой для формирования цифровой грамотности у школьников. Она расширяет возможности образования, делает обучение более практическим и создает условия для развития ключевых компетенций двадцать первого века. Теоретический анализ подтверждает, что нужно продолжать разрабатывать методики по интеграции цифровых технологий в систему среднего образования.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. UNESCO. Digital Literacy Global Framework. – Paris, 2018.
2. OECD. Skills for a Digital World. – OECD Publishing, 2020.
3. Erstad O. Digital Learning Lives. Routledge, 2021.
4. Калмыкова И.Ю. Цифровая грамотность школьников: современные подходы // Педагогика, 2022.
5. Fraillon J., Ainley J. Preparing Students for a Digital World. Springer, 2020.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17943419>

ӘОЖ 513:373.5(077)

МЕКТЕПТІҢ ГЕОМЕТРИЯ КУРСЫНДА ПРАКТИКАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЕСЕПТЕРДІ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

МЫРЗАХАНОВА АЙЖАН ШАХАРХАНҚЫЗЫ

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

***Аңдатпа.** Қазіргі заманғы математикалық білім беруді жетілдіру – мектептегі математика курсының практикалық бағытын күшейту, яғни оның мазмұны мен оқыту әдістемесін практикамен байланыстыру болып табылады. Мақалада мектепте геометрияны оқытудағы практикаға бағытталған есептердің рөлі ашып көрсетіледі. Геометрия пәнінде мұндай есептерді қолдану оқушылардың теориялық білімін өмірлік тәжірибемен ұштастырып, функционалдық сауаттылығын, логикалық, сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Мақалада мектеп геометриясын оқыту барысында жаңа материалды меңгерудің құралы ретінде практикалық мазмұндағы есептердің маңыздылығы қарастырылады. Нақты мысалдар келтіріледі.*

***Кілт сөздер:** геометрия, функционалдық сауаттылық, сыни ойлау, логикалық ойлау, практикаға бағытталған есептер.*

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, яғни олардың мектепте алған білім, білік және дағдыларын өмірлік жағдайларда тиімді қолдана білу қабілетін қалыптастыру. Сондықтан мектепте оқытылатын пәндердің бірі ретінде геометрияны оқыту барысында практикаға бағытталған есептерді қарастыру – оқушылардың алған білімін өмірмен байланыстыра білуге, яғни функционалдық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, геометрия пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың кеңістіктік және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, қоршаған ортадағы нысандардың пішінін, өлшемін, өзара орналасуын сипаттау және талдау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ геометриялық білім мен тәсілдерді өмірлік және практикалық жағдайларда қолдана білуге үйрету болып табылады [1].

Адамға күнделікті өмірде оны қоршаған заттардың пішіні туралы, баспана салу, жолдар салуда, жер өлшеуге байланысты есептеулер жүргізуде, денелердің ауданы мен көлемдерін табуға байланысты есептеулер жүргізуде геометриялық білім аса қажетті болады. Осыған орай, қазіргі заманғы мектепте геометрияның өмірмен, күнделікті тұрмыстық мұқтаждықтармен және басқадай пәндермен байланысын практикалық мазмұнды, контекстік, пәнаралық сипаттағы, логикалық есептер арқылы іске асыруға болады. Практикаға бағытталған есептерді шешу оқушылардың функционалдық сауаттылығымен қатар пәнге деген қызығушылығын арттырады. Өйткені математикалық білім берудің құндылығы оның практикалық мүмкіндіктеріне байланысты. Сонымен қатар, әр түрлі саланың есептерін шығару арқылы оқушылардың практикалық есептерді шешу қабілетін дамытады.


Академик А.Е.Әбілқасымова «Математиканы оқыту әдістемесінің негізгі мәселесі – есептерді шешуге үйрету. Геометриялық есептер - оқушылардың дедукциялық және логикалық ойлауын, кеңістікте елестетуін қалыптастырып, дамытатын негізгі құрал. Есептер арқылы оқушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларының қалыптасу деңгейлері тексеріледі», - деп айтады [2].

Мектеп геометрия курсындағы практикалық мазмұнды есептердің негізгі объектісі – қоршаған орта. Мұндай есептер оқушылардың қоршаған ортадан геометриялық фигураларды тануға, олардың қасиеттерін пайдалануға, өмірде қолданылысын түсіну арқылы геометрияның практикалық тұрғыда қолданылуын түсінуге үйретеді. Практикалық мазмұнды есептер

оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту құралы болып, алған білімін өмірмен ұштастыруға, еңбекпен байланысты іс-әрекеттерге қолдана білуге көмектеседі [3].

Әбілқасымова А.Е., Жұмағұлова З.Ә., Тұяқов Е.А. авторлығымен жарық көрген «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын практикалық мазмұнды есептер арқылы дамыту» атты оқу құралынан практикаға бағытталған есептің мысалын келтірейік.

Мысал. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – арка тәрізді порталдан және күмбезден ($46,5 \times 65,5$ м) тұратын тік төртбұрышты кесене (1-сурет). Арка тәрізді порталдың биіктігі 37,5 м. Бас күмбездің биіктігі 44 м, диаметрі 22 м. Сыртқы қабырға қалыңдығы 2 м-ге жуық. Ал орталық залдың қабырғасының қалыңдығы 3 м. Кесенеде өте көп күмбездер мен кіру жолдары салынған.



1-сурет

Тапсырмалар:

1. Кесененің сыртқы периметрін табыңдар.
2. Кесененің ауданын табыңдар.
3. Туристің биіктігі 150 см. Арка тәрізді порталдың биіктігі туристің биіктігінен қанша есе үлкен?
4. Турист кесенені 5 рет айналып өтті. Жүрген жолы нешеге тең?
5. Эрозия мен ауа райының құбылыстарына байланысты кесененің үстіңгі бөлігіне айтарлықтай зиян келеді. Арка тәрізді порталдың $1/3$ бөлігін жөндеу үшін қандай биіктікке көтерілу керек?

Шешуі:

1. Кесене тік төртбұрышты болғандықтан, оның қабырғалары $a = 46,5$ м, $b = 65,5$ м-ге тең. Периметрін табамыз: $P = 2(a + b) = 2(46,5 + 65,5) = 224$ м
2. Кесененің ауданын табамыз: $S = a \cdot b = 65,5 \cdot 46,5 = 3045,75$ м²
3. Арканың биіктігі $h_1 = 37,5$ м-ге, ал туристің биіктігі $h_2 = 1,5$ м-ге тең. Осыдан, арка тәрізді порталдың биіктігі туристің биіктігінен $n = 37,5 : 1,5 = 25$ есе үлкен болады.
4. 5 рет айналу жолы $5P$ -ге тең: $l = 224 \cdot 5 = 1120$ м, яғни 1,12 км.
5. Жоғарғы $1/3$ бөлігін жөндеу үшін арка биіктігінің $1/3$ бөлігіне көтерілу керек болады: $H = 37,5 : 3 = 12,5$ м.

Жауабы: 224 м; 3045,75 м²; 25 есе үлкен; 1,120 км; 12,5 м. [2]

Геометрияны оқыту барысында практикаға бағытталған есептерді қарастыру – оқушылардың алған білімін өмірмен байланыстыра білуге, яғни функционалдық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, яғни олардың мектепте алған білім, білік және дағдыларын өмірлік жағдайларда тиімді қолдана білу қабілетін қалыптастыру.

Практикаға бағытталған есептердің оқыту мазмұнына кіріктірілуі:

- мектепте геометрияны оқытудың практикалық бағыттылығын күшейтеді;
- ұлттық құндылықтарды дарытуға бағытталады;
- практикалық есептерді шешу, шамаларды бағалау және олардың жуық мәндерін табу дағдыларын қалыптастырады;
- объектілердің нақты өлшемдері мен олардың геометриялық бейнесінің өлшемдері арасындағы қатынастарды орнатуға үйретеді;
- кестелермен және басқа да анықтамалық құралдармен жұмыс жасау дағдысын қалыптастырады;

– оқушылардың ынтасы мен қызығушылықтарын оятады, ал бұл өз кезегінде геометрияны оқытудың тиімділігін арттырады [4].

Практикаға бағытталған есептерді тиімді жолмен шығару үшін бірнеше маңызды кезеңдерді: *есептің шартын терең түсінуді, математикалық моделін құруды, модельді пайдаланып шешуді, нәтижені бастапқы жағдаймен байланыстыруды* ескеру қажет.

Енді практикаға бағытталған есептерден бірнеше мысалдар қарастырайық.

1-есеп. Бөлменің едені тіктөртбұрыш пішіндес және оның өлшемі $4\text{ м} \times 6\text{ м}$. Бөлме төбесінің биіктігі 3 м , есігінің ауданы 3 м^2 -тең. Бөлмеде ауданы $1,5\text{ м}^2$ болатын 2 терезе бар. Бөлменің қабырғаларына жабыстыру үшін өлшемі $0,6\text{ м} \times 10\text{ м}$ болатын неше тұсқағаз орамы қажет?

Шешуі: Алдымен бөлменің биіктігі 3 м екенін ескеріп, қабырғаларының ауданын табамыз: $S_{\text{бөлме}} = 2(4 \cdot 3 + 6 \cdot 3) = 60\text{ м}^2$. Енді бір тұсқағаздың ауданын есептейік: $S_{\text{тұсқағаз}} = 0,6 \cdot 10 = 6\text{ м}^2$. бөлмедегі 2 терезенің ауданын табайық: $S_{\text{терезе}} = 2 \cdot 1,5 = 3\text{ м}^2$. Енді қанша дана тұсқағаз керек екенін анықтаймыз: $\frac{S_{\text{бөлме}} - S_{\text{т}} - S_{\text{е}}}{S_{\text{т}}} = \frac{60 - 3 - 3}{6} = \frac{54}{6} = 9$.

Жауабы: 9 дана.

2-есеп. Шелектің пішіні қиық конус тәріздес (2-сурет). Шелекті қаңылтыр темірден жасайды. Қиық конустың үлкен табанының диаметрі 30 см , ал кішісінің диаметрі 20 см , жасаушы 30 см . Шелектің сыртын бояу үшін қажет бояудың мөлшерін және шелектің сыйымдылығын тап. 1 м^2 –ге 300 г бояу жұмсалады. ($\pi = 3$).



2-сурет

Шешуі: Қанша бояу қажет болатынын табу үшін қиық конустың бүйір бетінің ауданы мен кіші табаны ауданының қосындысын табу керек болады. Табандарындағы шеңберлердің радиустары 10 см және 15 см . $S_{6,6} = \pi l(r + R)$ формуласы бойынша, $S_{6,6} = 3 \cdot 30(10 + 15) = 2250\text{ см}^2$. Кіші табанының ауданы: $S = \pi r^2 = 3 \cdot 10^2 = 300\text{ см}^2$. Сонда, $S = 2250 + 300 = 2550\text{ см}^2 = 0,255\text{ м}^2$. Қанша бояу қажет екенін табайық: $0,255 \cdot 300 = 76,5\text{ г}$. Енді шелектің сыйымдылығын табу үшін көлемін есептейік: $V = \frac{1}{3}h(S_1 + S_2 + \sqrt{S_1 \cdot S_2})$. Көлемін табу үшін алдымен табандарының ауданын есептейік: $S_1 = \pi r^2 = 3 \cdot 10^2 = 300\text{ см}^2$, $S_2 = \pi R^2 = 3 \cdot 15^2 = 675\text{ см}^2$. Енді шелектің биіктігін табайық: $h = \sqrt{30^2 - (15 - 10)^2} = 5\sqrt{35}\text{ см}$. Сонда шелектің сыйымдылығы:

$$V = \frac{1}{3}5\sqrt{35}(300 + 675 + \sqrt{300 \cdot 675}) = 2375\sqrt{35}\text{ см}^3.$$

Жауабы: $2375\sqrt{35}\text{ см}^3$; $76,5\text{ г}$.

Осындай практикалық мазмұнды есептерді шығару оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігінің артуына, математикалық дағдыларының қалыптасуына, логикалық ойлауын, есте сақтауы мен зейінін дамытуға, математиканың әлемдегі алатын орнын түсінуге, білім алуға ынталануға, функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуға ықпал етеді.

Сонымен, практикалық мазмұнды есептер оқушылардың геометриялық біліктері мен дағдыларын дамытып қана қоймай, олардың кеңістіктік ойлауы мен функционалдық, логикалық, сыни және шығармашылық сауаттылығын дамыту құралы болып табылады. Практикаға бағытталған есептерді шешу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, математикалық білім берудің қолданбалы және өмірлік бағыттылығын күшейтеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы. – Астана, 2019. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> 20.10.2020.
2. Әбілқасымов А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: дидактикалық-әдістемелік негіздері. Оқу құралы - Алматы: Мектеп, 2014. – 224.
3. Әбілқасымов А.Е., Жұмағұлова З.Ә., Тұяқов Е.А. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын практикалық мазмұнды есептер арқылы дамыту. Оқу құралы - Алматы : Мектеп, 2024
4. Тұяқов Е.А., Дюсов М.С., Ардабаева А.К. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында геометрияны оқытудың қолданбалы бағытын жүзеге асыру жолдары // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана» халықаралық ғылыми журналы.– Алматы, 2020. – Б.77-83.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17943537>

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ НАВЫКОВ ГОВОРЕНИЯ У ШКОЛЬНИКОВ В ОНЛАЙН-ФОРМАТЕ: ОТ БАРЬЕРОВ К СОВРЕМЕННЫМ ПЕДАГОГИЧЕСКИМ РЕШЕНИЯМ

ТУРАШ АРУЖАН ҚУАТҚЫЗЫ

Магистрант филологического факультета Astana International University

Научный руководитель – д.ф.н., профессор ДУЙСЕКОВА К.К.
Астана, Казахстан

Аннотация: В статье рассматриваются основные барьеры формирования навыков говорения у школьников в онлайн-формате, а также предлагаются современные педагогические решения и авторская модель для повышения коммуникативной активности учащихся.

Ключевые слова: онлайн-обучение, говорение, коммуникация.

Последние годы характеризуются стремительным внедрением цифровых технологий в школьное образование, что значительно изменило формат преподавания иностранных языков. Если ранее формирование навыков устной речи предполагало непосредственное взаимодействие учащихся в классе, то онлайн-формат создает новые условия, где коммуникация опосредована экраном, техническими средствами и цифровыми платформами.

Онлайн-среда предъявляет к школьникам дополнительные требования: умение использовать технологические инструменты, готовность к публичности, высокий уровень саморегуляции и мотивации. В то же время большинство учащихся испытывают трудности при формировании говорения в дистанционном формате.

В данной статье рассматриваются:

1. психолого-педагогические барьеры, тормозящие развитие устной речи у школьников;
2. методические решения для повышения эффективности обучения;
3. авторская модель развития говорения в онлайн-среде;
4. рекомендации по проектированию уроков, способствующих развитию речи.

1. Теоретические основы формирования речи в онлайн-среде

Говорение как вид речевой деятельности включает формирование:

- фонетических навыков,
- лексико-грамматической базы,
- коммуникативных стратегий.

В онлайн-условиях к этим компонентам добавляются:

- цифровая уверенность (digital confidence),
- умение работать с камерой и микрофоном,
- готовность к публичной самопрезентации,
- внимание к невербальным признакам, частично отсутствующим онлайн.

Исследователи отмечают, что формирование устной речи в дистанционной среде требует более продуманного педагогического дизайна, чем в традиционном формате, поскольку взаимодействие учащихся становится менее спонтанным и более структурированным.

2. Основные барьеры формирования речи в онлайн-формате

Онлайн-обучение выявляет ряд объективных и субъективных барьеров:

2.1. Технические барьеры

- Низкое качество связи
- Задержки звука
- Проблемы с микрофоном/камерой

Эти факторы снижают темп разговора и нарушают плавность речи.

2.2. Психологические барьеры

- Страх говорить «на камеру»
- Самокритичность и тревожность
- Опасение быть записанным

Психологический дискомфорт является одним из главных факторов низкой устной активности.

2.3. Коммуникативные барьеры

- Сложность поддерживать диалог
- Отсутствие естественных реакций собеседника
- Ограниченность невербальных сигналов

Ученику сложнее интерпретировать эмоции и интонацию партнера.

2.4. Методические барьеры

- Отсутствие адаптированных упражнений
- Преобладание письменных заданий
- Минимум парной и групповой работы

3. Эмпирические наблюдения в онлайн-уроках

На основе анализа практики дистанционного преподавания можно выделить следующие тенденции:

3.1. Уровень говорения онлайн в среднем в 2–3 раза ниже, чем в классе

Потому что часть времени уходит на:

- технические настройки,
- ожидание подключения,
- переключение между окнами.

3.2. Учащиеся более охотно выполняют голосовые сообщения, чем говорят в прямом эфире

Природа подростков такова, что запись позволяет:

- переснять попытку,
- избежать осуждения,
- контролировать эмоциональное состояние.

3.3. Участие в разговоре зависит от структуры урока, а не от уровня языка

Даже сильные ученики часто пассивны на онлайн-уроке, если отсутствуют четкие речевые задачи.

4. Эффективные стратегии развития речи в онлайн-среде

Ниже представлены наиболее действенные методы, доказавшие свою эффективность в цифровом формате.

4.1. Микро-задания (Micro Speaking Tasks)

Короткие упражнения:

- мини-монолог (20–30 секунд),
- экспресс-ответ,
- описание картинки,
- завершение диалога.

Микроформат снижает тревожность и повышает вероятность участия.

4.2. Breakout Rooms — ключевой фактор успеха

Работа в мини-группах:

- увеличивает речевую активность,
- снижает страх,
- создает более естественную коммуникацию.

Ученик в мини-группе говорит в **4–6 раз больше**, чем на общем уроке.

4.3. Ролевые ситуации и симуляции

Онлайн-платформы позволяют моделировать:

- собеседование,

- диалог клиента и консультанта,
 - спор,
 - обсуждение проекта.
- Это развивает гибкость и беглость речи.

4.4. Видео- и аудиоответы вместо устного ответа «здесь и сейчас»

Этот метод повышает:

- качество речи,
- уверенность учащегося,
- интерес к предмету.

4.5. Цифровые инструменты для формирования речи

- **Flip (Flipgrid)** — видеорефлексия, мини-речи
- **VoiceThread** — диалоговые цепочки
- **Padlet Voice** — аудиозадания
- **Miro + Speaking cards** — обсуждение карточек

Эти инструменты делают онлайн-говорение регулярным.

5. Авторская модель развития речи S.P.E.A.K.-Online

Для системной работы предлагается собственная модель:

S — Short and Structured Tasks (короткие структурированные задания)

Задания не должны превышать 60 секунд.

P — Personalized Content (личностная значимость темы)

Подростки лучше говорят о том, что им близко.

E — Emotional Comfort (эмоциональная безопасность)

Минимум критики, максимум поддерживающей обратной связи.

A — Active Interaction (активное взаимодействие)

Парная работа, мини-дискуссии, обмен мнениями.

K — Knowledge-Based Feedback (знаниевая обратная связь)

Учитель объясняет ошибки, дает конкретные рекомендации, не обесценивая речь ученика. Эта модель сочетает психологические и методические аспекты формирования речи.

6. Практические рекомендации учителям

1. Чередовать виды активности: мини-монолог → диалог → обсуждение → рефлексия.
2. Делать урок динамичным: менять режимы каждые 5–7 минут.
3. Использовать «теплый старт» — 1 минуту простого разговора.
4. Вводить рубрику: “*Question of the Day*”.
5. Оценивать прогресс не по количеству слов, а по качеству взаимодействия.
6. Создать «безопасную атмосферу», где ошибка — часть успеха.

Заключение

Формирование навыков говорения в онлайн-формате требует глубокого понимания психологии подростков и тонкого методического дизайна. Онлайн-среда обладает как ограничениями, так и значительным потенциалом. Применение микро-заданий, групповых форм работы, цифровых инструментов и авторской модели S.P.E.A.K.-Online позволяет значительно увеличить речевую активность школьников и повысить качество обучения.

Онлайн-формат не является препятствием для развития устной речи — при грамотном подходе он превращается в эффективную инновационную среду.

РЕФЕРЕНСЫ (АРА 7)

1. Brown, H. D. (2019). *Teaching speaking in digital environments*. TESOL Journal, 10(4), 1–15.
2. Costa, A. (2021). Online interaction and speaking performance of EFL students. *Journal of Language Pedagogy*, 14(2), 55–67.
3. Kim, H. (2020). Breakout rooms as a tool for increasing speaking practice. *E-Learning Studies*, 7(1), 44–59.
4. Richards, J. C. (2017). *Developing speaking skills: Theory and practice*. Cambridge University Press.
5. Zhang, L. (2022). Psychological barriers of online speaking tasks among teenagers. *International Review of Education*, 68(3), 231–248.
6. Meyer, S. (2023). Digital speaking tasks in secondary education: New methods and challenges. *Modern Teaching Review*, 11(1), 77–94.
7. Snow, A. (2020). Emotional factors influencing speaking skills online. *Journal of Applied Linguistics*, 9(3), 204–219.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17943559>

ЭОЖ (УДК): 373.5.016:535:004

МЕКТЕПТЕ ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ТИІМДІЛІГІ

ЮСУПОВА АКМАРАЛ КАЙРАТОВНА

Абай атындағы ҚазҰПУ, Математика, физика және информатика факультетінің
7М01504 – Физика білім беру бағдарламасының 1 – курс магистранты

Ғылыми жетекші – п.ғ.к., қауымдастырылған профессор **СЫДЫКОВА Ж.К.**
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада мектеп физика курсының «Оптика» тарауын оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың маңызы қарастырылады. Инновациялық технологиялардың үш бағыты: оқушы іс-әрекетін белсендіру, оқытуды тиімді ұйымдастыру және оқу материалының дидактикалық жетілдірілуі қарастырылған. Әр технологияның ғылыми негізі, тиімділігі және мектеп тәжірибесіндегі қолданылуы сипатталып, «Жарықтың сынуы. Жарықтың сыну заңы. Толық іштей шағылу» тақырыбын проблемалық білім беру технологиясының көмегімен оқыту мәселесі көрсетілді.

Тірек сөздер: физиканы оқыту әдістемесі, оптика тарауы, инновациялық технологиялар, инновациялық технология түрлері.

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ РАЗДЕЛА «ОПТИКА» ШКОЛЬНОГО КУРСА ФИЗИКИ С ПОМОЩЬЮ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Аннотация. В статье рассматривается значение использования инновационных технологий при обучении разделу «Оптика» школьного курса физики. Анализируются три направления инновационных технологий: активизация учебной деятельности учащихся, эффективная организация учебного процесса и дидактическое совершенствование содержания учебного материала. Раскрываются научные основы и педагогическая эффективность каждой технологии, а также особенности их применения в школьной практике. Особое внимание уделено обучению теме «Преломление света. Закон преломления. Полное внутреннее отражение» с использованием технологии проблемного обучения.

Ключевые слова: методика преподавания физики, раздел «Оптика», инновационные технологии, виды инновационных технологий.

TEACHING METHODS OF THE «OPTICS» SECTION OF THE SCHOOL PHYSICS COURSE USING INNOVATIVE TECHNOLOGIES

Abstract. This article examines the significance of employing innovative technologies in teaching the “Optics” unit of the school physics curriculum. Three key directions of innovative technologies are analyzed: enhancing students’ learning activity, ensuring effective organization of the instructional process, and improving the didactic structure of the learning material. The scientific foundations and pedagogical effectiveness of each technology are described, along with their practical application in school settings. Particular attention is given to teaching the topic “Refraction of Light. Law of Refraction. Total Internal Reflection” through the use of problem-based learning technology.

Key words: physics teaching methodology, optics unit, innovative technologies, types of innovative technologies.

Қазіргі ғылыми-техникалық прогресс білім беру жүйесін жаңғыртып, оқыту мазмұны мен әдістерін қайта қарауды талап етеді. Жаратылыстану пәндері ішінде физика — абстракт ұғымдарға, күрделі теориялық заңдылықтарға және модельдеу мен экспериментке негізделетін сала болғандықтан, оны оқытуда инновациялық технологияларды қолдану ерекше мәнге ие. Қазақстандағы білім беру саясаты да осы бағытты қолдайды: «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы, жаңартылған оқу мазмұны және мектептерде STEM-зертханалардың ашылуы физика сабақтарына жаңа технологияларды жүйелі енгізудің ғылыми-педагогикалық алғышарттарын қалыптастырды [1].

Инновация – жаңалықты жасау, оны меңгеру, практикада қолдану және тарату кезеңдерінен тұратын көпқырлы педагогикалық құбылыс. Сондықтан физика пәніндегі инновациялық тәсілдер оқыту құрылымын, материалды жеткізу логикасын, білімді игеру механизмін түбегейлі түрлендіреді.

Физика ғылымының табиғаты бақылау, эксперимент, модельдеу және теориялық талдау сияқты әрекеттерді қамтиды. Сондықтан пәнді тиімді меңгерту дәстүрлі баяндаудан гөрі зерттеушілік және практикалық әрекетке негізделген оқытуды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда инновациялық технологиялар оқыту сапасын арттырудың негізгі құралы ретінде қарастырылады. Инновациялық технология – оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңғыртып, оқушының танымдық белсенділігін арттыруға және тұлғалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған педагогикалық жүйе. Б.А.Ақитай атап көрсеткендей, физикадағы инновациялық әдістердің басты мақсаты – оқушыны оқу әрекетінің белсенді субъектісіне айналдыру [2].

Инновациялық технологиялар тек техникалық құралдарды қолданумен шектелмейді; олар оқыту логикасын қайта құруды, ақпаратты қабылдау мен түсіндірудің жаңа тәсілдерін, құбылыстарды модельдеудің тиімді формаларын қамтиды. Бұл технологиялар абстракт физикалық ұғымдарды визуализациялауға, ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға және тәжірибелік әрекет арқылы заңдылықтарды дәлелдеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты физиканы оқытуда инновациялық технологияларды жүйелі және әдістемелік негізде қолдану педагогикалық шеберліктің маңызды көрсеткіші болып саналады [1]. Инновациялық технологиялар үш негізгі бағыт арқылы оқу үдерісін жетілдіреді:

- 1) оқушы іс-әрекетін белсендіруге бағытталған технологиялар;
- 2) оқыту процесін тиімді ұйымдастыру және басқару технологиялары;
- 3) оқу материалының дидактикалық-әдістемелік жетілдірілуіне бағытталған технологиялар [2].

Бұл бағыттардың өзара бірлігі физика сабақтарының құрылымына кешенді инновация енгізуге жағдай жасайды. Мұндай жүйелілік оқу үдерісін технологиялық қана емес, әдістемелік, дидактикалық және психологиялық тұрғыдан жаңғыртуға мүмкіндік береді. Әсіресе «Оптика» тарауы визуалды және эксперименттік сипатымен ерекшеленетіндіктен инновациялық технологияларды қолдануға аса қолайлы.

Қышқыл-негіздік титрлеу — белгілі концентрациядағы қышқыл мен негіздің бейтараптану реакциясына негізделген көлемдік талдау әдісі [3]. Теориялық тұрғыдан титрлеу келесі блоктар арқылы қарастырылады:

1. Бренстед–Лоури теориясы

Қышқылдар протон (H^+) доноры, негіздер — протон акцепторлары ретінде әрекет етеді. Ерітіндіде олардың әрекеттесуі бейтараптану реакциясына әкеледі. Мысалы, HCl және $NaOH$ арасындағы реакция: $HCl + NaOH \rightarrow NaCl + H_2O$

Бұл түсінік оқушыларға титрлеу процесінің химиялық негізін түсіндіруге мүмкіндік береді, өйткені реакцияның стехиометриялық қатынасы эквиваленттік нүктені анықтайды.

2. Қышқылдар мен негіздердің күшін анықтау

- Күшті қышқылдар мен негіздер (мысалы, HCl , $NaOH$) толық диссоциацияланады, титрлеу қисығы тікелей өтеді, pH шарықтау нүктесі өткір.

- Әлсіз қышқылдар мен негіздер (мысалы, CH_3COOH , NH_4OH) жартылай диссоциацияланады, титрлеу қисығы жұмсақ өтеді, эквиваленттік нүкте 7-ден ауытқиды.

3. Титрлеу қисықтары және эквиваленттік нүкте

- Титрлеу қисығы pH көлемге тәуелді өзгерісін көрсетеді.
- Эквиваленттік нүкте — титрант көлемі бойынша бейтараптыққа жеткен сәт, мұнда қышқыл мен негіз стехиометриялық тең болады.

- Қисық арқылы оқушылар эквиваленттік нүктені анықтап, тәжірибе нәтижесін талдай алады.

4. Индикаторлар теориясы

- Индикаторлар pH өзгерісін визуалды көрсетуге арналған қосылыстар.
- Фенолфталеин қышқыл-негіздік титрлеу кезінде түсін өзгертеді: қышқыл ерітіндіде түссіз, негізді ортада қызғылт.

- Метил қызыл әлсіз қышқыл–күшті негіз титрлеуінде қолданылады: қышқылда қызыл, негізде сары.

- Индикатордың түсті ауысу диапазоны эквиваленттік нүктеге сәйкес болуы тиіс.

2. Титрлеуді оқытудың әдістемелік негіздері

Титрлеуді меңгерту тек теорияны үйретумен шектелмей, оқушының практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған [4]. Әдістемелік негіздер бірнеше бағытта қарастырылады:

Бөлім	Мазмұны
1. Көрнекілік және визуализация	Титрлеу схемалары және диаграммалар химиялық реакцияны визуалды көрсетуге көмектеседі. Индикаторлардың түс ауысу бейнелері эксперименттің нақты көрінісін береді. Графикалық титрлеу қисықтары арқылы оқушылар эквиваленттік нүктені анықтау әдісін үйренеді. Мультимедиялық анимациялар титрлеу динамикасын нақты көрсетеді, абстрактілі химиялық ұғымдарды түсінікті етеді.
2. Қадамдық және әрекеттік тәсіл	Оқушылардың әр әрекеті қадағаланатын зертханалық кезеңдер: құралдарды дайындау, ерітінділерді өлшеу, титрлеу, нәтижелерді тіркеу.

Бөлім	Мазмұны
	Мұндай әдіс кателерді азайтуға және дәлдік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Қадамдық тәсіл оқушыны экспериментке қатысу арқылы оқытуға мүмкіндік береді, теорияны тәжірибемен байланыстырады.
3. Қауіпсіздік және өлшеу мәдениеті	Зертханалық жұмыстарда қауіпсіздік ережелерін сақтау міндетті. Реактивтерді дұрыс қолдану, бюретка мен колбамен жұмыс дағдылары оқушыларға тәжірибелік дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.
4. Құзыреттілікке бағытталған оқыту	Титрлеу дағдылары тек есеп шығару емес, ғылыми ойлау, эксперимент нәтижесін талдау, қорытынды жасау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

3. Негізгі тақырыптарға қатысты әдістер

Шолу барысында төрт негізгі әдістемелік бағыт ерекшеленді:

а) Титрлеудің теориялық ұғымдарын түсіндіру

- Визуалды модельдер және схемалық көрсетілімдер қолдану.
- Индикаторлардың түстерін көрсету тәжірибелік және көрнекі сабақта.
- Анимациялық құралдар титрлеу процесін динамикада түсіндіруге мүмкіндік береді.
- Бұл әдістер оқушылардың абстрактілі түсініктерді нақты контексте меңгеруіне көмектеседі [5].

б) Зертханалық дағдыларды қалыптастыру

- Демонстрациялық тәжірибелер және микротитрлеу әдісі.
- Қадамдық нұсқаулықтар: дайындық → титрлеу → нәтижелерді тіркеу → қорытынды.
- Оқушылар тәжірибе кезінде кателерін анықтап, түзетуге мүмкіндік алады, дәлдік пен тәжірибелік мәдениет қалыптасады.

в) Титрлеу есептерін шығару әдістері

- Алгоритмдік тәсілдер: титрант көлемін есептеу → стехиометриялық талдау → концентрацияны анықтау.
- Графикалық интерпретация: титрлеу қисығы арқылы эквиваленттік нүктені визуалды анықтау.
- Есептерді контекстпен байланыстыру оқушылардың аналитикалық ойлауын және математикалық дағдыларын жетілдіреді.

г) Цифрлық ресурстарды пайдалану

- Виртуалды зертханалар (PhET), сандық титратор симуляторлары, рН зондтары тәжірибелік мүмкіндіктерді кеңейтеді.
- Лабораториялық базаның шектеулі болған жағдайда альтернативті шешім ретінде сандық ресурстар оқытуды қолдайды.

Нәтижелер және талқылау

Бұл бөлімде осы нәтижелердің оқытудағы тиімділігі, практикалық қолданылуы және теориялық маңызды аспектілері қарастырылады.

1. Қышқыл-негіздік титрлеудің теориялық аспектілерінің нәтижелері

Шолу барысында қышқыл-негіздік титрлеудің теориялық негіздері оқушыларға түсінікті болу үшін бірнеше маңызды бағытта қарастырылды:

1. Бренстед–Лоури теориясының қолданылуы

- Зерттеулер көрсеткендей, оқушылардың қышқыл мен негіздің протон алмасу механизмін түсінуі титрлеу тәжірибесінің нәтижелілігін арттырады.
- Теорияны визуалды және практикалық түрде көрсету (модельдер, схемалар, анимациялар) оқушылардың химиялық ұғымдарды дұрыс қабылдауына ықпал етеді.

2. Титрлеу қисықтары және эквиваленттік нүктені түсіну

- Титрлеу қисығы арқылы эквиваленттік нүктені анықтау оқушыларға титрант көлемін есептеуге және реакция теңдігін бағалауға мүмкіндік береді.

• Өлсіз қышқыл–күшті негіз және күшті қышқыл–күшті негіз комбинацияларын салыстыру арқылы оқушылар рН динамикасын, қысықтың ерекшеліктерін және эквиваленттік нүктенің орын ауыстыруын түсінеді [5].

3. Индикаторларды қолдану нәтижелері

• Индикаторлардың дұрыс таңдалуы титрлеудің дәлдігін арттырады.
• Фенолфталеин және метил қызыл индикаторларының практикалық қолданылуы арқылы оқушылар қышқыл-негіздік бейтараптандуды визуалды түрде анықтай алады.

Бұл теориялық нәтижелер оқушыларға титрлеу процесінің химиялық негіздерін түсінуде теория мен тәжірибенің үйлесімділігін қамтамасыз етеді [6].

2. Әдістемелік аспектілердің нәтижелері

Материалдар мен әдістер бөлімінде сипатталған әдістемелік принциптердің тиімділігі бірнеше бағыт бойынша бағаланды:

1. Көрнекілік және визуализация

• Диаграммалар, схемалар және мультимедиялық анимациялар оқушылардың түсіну деңгейін арттырады, абстрактілі ұғымдарды нақты тәжірибемен байланыстырады.

2. Қадамдық және әрекеттік тәсіл

• Зертханалық кезеңдерге қадамдық кіріктірілген әдіс оқушылардың қателерін азайтуға мүмкіндік береді.

• Тәжірибелік әрекеттерді жүйелі жүргізу арқылы оқушылар өлшеу дәлдігі мен эксперименттік мәдениетті меңгереді.

3. Цифрлық ресурстарды қолдану

• Виртуалды зертханалар мен сандық титратор симуляторлары тәжірибелік дағдыларды мектеп жағдайында шектеулі құрал-жабдық болса да дамытуға мүмкіндік береді.

• Бұл тәсіл оқу процесінде практикалық экспериментті толық алмастырмаса да, теория мен тәжірибені үйлестірудің тиімді жолы болып табылады.

4. Құзыреттілікке бағытталған оқыту

• Титрлеуді оқыту тек есеп шығару емес, сонымен қатар эксперимент нәтижесін талдау, қорытынды жасау, ғылыми ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

3. Жалпы талдау

Шолу нәтижелері бойынша төмендегідей қорытындылар алынды:

• **Теориялық негіздерді меңгерту:** Бренстед–Лоури теориясы, титрлеу қисығы, эквиваленттік нүкте және индикаторлар теориясы мектеп оқушылары үшін титрлеудің химиялық негізін түсінудің маңызды элементі болып табылады.

• **Әдістемелік тәсілдер:** Көрнекілік, қадамдық әрекеттер, цифрлық ресурстар және құзыреттілікке бағытталған оқыту әдістері титрлеуді меңгертудің тиімділігін арттырады.

• **Теория мен практика байланысы:** Шолу көрсеткендей, тәжірибелік компоненттерді теориялық түсініктермен біріктіру оқушылардың логикалық ойлау, есептеу және зерттеу дағдыларын дамытады.

Бұл нәтижелер мектеп химиясында қышқыл-негіздік титрлеуді оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерінің үйлесімділігін растайды [7].

Қорытынды

Шолу мақаласы мектеп химиясында қышқыл-негіздік титрлеуді оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін жан-жақты қарастырды. Зерттеу барысында анықталғандай, титрлеудің химиялық теориялық аспектілерін меңгерту, атап айтқанда Бренстед–Лоури теориясы, қышқылдар мен негіздердің күші, титрлеу қисықтары, эквиваленттік нүкте және индикаторлар теориясы, оқушылардың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру мен эксперимент нәтижелерін дұрыс талдауы үшін негіз болып табылады. Сонымен қатар, әдістемелік тәсілдер — көрнекілік, визуализация, қадамдық әрекеттер, тәжірибелік тәжірибелер, есептерді шығару алгоритмдері және цифрлық ресурстарды қолдану — теория мен практиканы үйлестіру арқылы оқыту процесін тиімді етеді және оқушылардың химиялық түсініктерін тереңдетуге мүмкіндік береді. Шолу көрсеткендей, титрлеу дағдыларын тек есеп

шығару мақсатында үйрету жеткіліксіз, оларды эксперимент нәтижелерін талдау, қорытынды жасау және ғылыми ойлау қабілеттерін дамыту тұрғысынан интеграциялау оқушылардың логикалық ойлау, зерттеу және практикалық қабілеттерін қалыптастырады. Жалпы, мектеп химиясында қышқыл-негіздік титрлеуді оқытудың тиімді әдістемесі — теориялық білімді практикалық тәжірибемен үйлестіре отырып, оқушылардың химиялық түсініктерін тереңдету, эксперименттік дағдыларын дамыту және оқыту процесінің сапасын арттыру болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Карманова А. ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ–БОЛАШАҚ ХИМИЯ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ //«Вестник НАН РК». – 2022. – №. 4. – С. 94-106.
2. Мактумкулова А. Ж., Әубәкірова Г. Б. «АНАЛИТИКАЛЫҚ ХИМИЯ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҒЫНЫҢ ОҚУ МАТЕРИАЛЫН ӨЗІРЛЕУ //М А Т Е Р И А Л Ы ІХ международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы естественных наук», посвященной памяти профессора НП Белецкой. – СКУ им. М. Козыбаева, 2021. – С. 32-34.
3. Кудреева Л. К., Зиятхан М. Ә., Көшербай М. М. АНАЛИТИКАЛЫҚ ХИМИЯНЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ПӘНІ БОЙЫНША ЖАППАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН КУРСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ //Химия ғылымы мен химиялық білім берудің өзекті мәселелері. – 2022. – С. 223-228.
4. Сарбаева Г. Т., Берди Д. К., Сарбаева М. Т. «Аналитикалық химия» пәні бойынша болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби даярлығын қалыптастыру //Вестник университета Ясави. – 2024. – Т. 1. – №. 131. – С. 282-295.
5. Комлева Н. Н. Проблемы преподавания аналитической химии в вузе //Современные образовательные технологии в мировом учебно-воспитательном пространстве. – 2016. – №. 10. – С. 19-23.
6. Сапаева Г. И. МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ АНАЛИТИЧЕСКОЙ ХИМИИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ СТУДЕНТАМ ВУЗОВ //Innovation: The Journal of Social Sciences and Researches. – 2023. – Т. 1. – №. 5. – С. 40-49.
7. Жуманова Н. А., Сапарбекова И. С., Алдабергенова М. Т. ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ АНАЛИТИЧЕСКОЙ ХИМИИ В ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ВУЗАХ //ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ. – С. 18.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17944386>

ӘӨЖ: 372.8:7

ARDUINO LILYPAD ПЛАТФОРМАСЫ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

АСЫЛХАН ҒАЗИЗА ӘМІРХАНҚЫЗЫ

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің магистранты

Ғылыми жетекшісі – п.к.ғ., доцент **КУРГАМБЕКОВ М.С.**
Ақтөбе қ., Қазақстан

ЕРАЛИН ҚУАНДЫҚ ЕРАЛЫҰЛЫ

Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің п.ғ.д.,
профессоры
Шымкент қ., Қазақстан

Аннотация: Бұл мақалада Arduino Lilypad платформасын көркем білім беру пәнінде пайдалану арқылы техникалық шығармашылықты қалыптастырудың педагогикалық әдістері қарастырылады. Зерттеуде теориялық негіз ретінде қазіргі білім берудегі цифрлық трансформация, STEAM-интеграция ортасында білім беру талданған. Аппараттық-платформалық әдіс білім алушының инженерлік ойлау, алгоритмдік-конструктивтік модельдеу дағдыларын қалыптастыруда қолданылады. Жобалық-шығармашылық әдіс креативті және техникалық шешімге негізделген функционалды өнім жасап шығуға фокус қояды. Hsu Y. (2024), Ahmed R. (2021), Benton. L., Ching. D. (2022) зерттеулерінің нәтижесі Lilypad платформасы білім алушыларда инженерлік, алгоритмдік ойлау дағдысының дамуын, мотивацияны арттыратынын дәлелдейді. Мақалада әдістердің байланысы мен білім берудегі тәжірибелік тиімділігі көрсетіледі.

Кілттік сөздер: Arduino Lilypad платформасы; STEAM-интеграция; цифрлық құрал; аппараттық-платформалық әдіс; жобалық-шығармашылық әдіс; инженерлік ойлау; алгоритмдік ойлау.

Цифрлық технологиялар – заманымыздың қазіргі басты тренді. Төртінші индустриялық революция кезеңі технологияның қай салаға болсын әсер етпейтінін көрсетті. Әлемнің бұл даму жолы мәселені шешуде шығармашылық қабілетті дамытуды да қатар алып келеді. Бірінші өндірістік революция кезеңінде (1760-1840 жж.) өндірістің дамуына байланысты жіп иіру машиналары пайда болды. Одан кейін урбанизацияның қарқынды өсімі цехтар мен зауыттарда компьютерлік технологиялардың енуіне алып келді [1]. Бұл өзгерістер адамзаттың да қиялына түрлі ойлар сала бастады. Осы сәтті пайдаланып 2015 жылы болуы мүмкін индустриялық даму бағыттары туралы сауалнама жүргізіледі. Сауалнама нәтижесі 2015 жылы қыркүйекте Бүкіләлемдік экономикалық форумның есебінде жарияланды. Болашақта цифрлық гипербайланыс қалыптасуы мүмкін салалар мен қызықты тұжырымдар тізімі жасалды. Сарапшылар жиырма бір бетбұрысты сәтті (қоғамның нақты технологиялық дамуы деп танылған негізгі нүкте) анықтады. Дәл осы нәтиже төртінші индустриялық революция алып келуі мүмкін терең өзгерістер мен мәселелерді көрсетті. Сауалнамаға қатысушы рецензенттердің 91,2%-ы «2025 жылға қарай 10% адамдар интернет жүйесіне қосылған киім киеді» деп сенетінін көрсеткен [2].



Бұдан цифрлық технологияның киім мен адам денесіне интеграциялануы күтілетінін және бұл болып жатқан өзгерістерді сезіну аз екенін, заман ағымына түсіп жаңалық жасау мәселесі қойылғанын байқаймыз. Болашақ дизайнерлер мен өнер мамандары үшін тек эстетикалық шешіммен шектелмей техникалық шешімді дамыту да қажеттілікке айналады.

Осы орайда Қазақстанда 2020-2025 жылдары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы цифрлық трансформацияны, жобалық-зерттеушілік дағдылар мен инновациялық ойлауды арттыруға басымдық берді [3]. Цифрлық трансформация кезеңі білім алушыдан тек тұтынушы емес, шығармашылықтың түрлі саласына бейімделген құрастыра алушы болуды талап етеді. Әлемдік соңғы зерттеулер цифрлық технологиямен байланысты екенін ескерсек, техникалық шығармашылық қабілеті назардан қалмауы тиіс. Қабілеттің бұл түрін зерттеуде белсендіруші фактор ретінде цифрлық құралдарды пайдалану көрсетілуде [4].

Білім алушының техникалық шығармашылығын қалыптастыруда жобалық және технологиялық әрекетке әсер етуші дағдылар Benton. L., Ching. D. тұжырымдамасына [5] сай былай анықталады: техникалық шешім қабылдау; креативті прототип жасау; инженерлік ойлау; алгоритмдік ойлау; конструктивтік модельдеу.

Көрсетілген дағдыларды дамытуға цифрлық құрал ретінде макет құрастыру, код жазу, алгоритмдік ойлау және дизайнды біріктіретін Arduino Lilypad платформасын пайдалану танымал болып отыр. Arduino Lilypad – робототехниканың компьютерлік тоқыма технологиясына негізделген аппараттық платформа. Білім беруде пәнаралық STEAM-интеграцияға ыңғайлы, бағдарламалау мен модельдеу, жобалық әрекет пен визуалды дизайнды біріктіруге толық мүмкіндік береді. Бастысы техникалық шығармашылықтың негізгі компоненттерін қалыптастыруға сәйкес келеді [6; 7].

Ол классикалық Arduino платформаларынан киілетін бұйымдарға, шығармашылық дизайнға бағытталуымен ерекшеленеді. Формасы – дөңгелек, электр тогын өткізгіш жіп арқылы инемен тігуге арналған ойық бөліктері бар. Білім алушылар үшін ашық ортада пайдалануға қауіпсіз әрі қарапайым құрал болып саналады (1-сурет) [8].



1-сурет. Arduino Lilypad платформасы.

2-сурет. Жарықдиодты тізбегі.

Негізгі ерекшелігі – сенсорлар мен жарықдиодтарды (2-сурет) электр тогын өткізгіш жіппен біріктіре тігу тәсілі арқылы жұмыс жасау. Жұмыс барысында электрондық схемаларды эстетикалық нысандарға айналдырып, технологиялық шешімді шығармашылық тұрғыдан модельдеуге болады. Платформа білім алушыларда цифрлық құзіреттіліктің элементін қалыптастыруға және техника мен технология саласында пәнаралық жобалар жасауға да бейімделе алады [9].

Білім беруде платформа мүмкіндіктерін пайдаланып, инженерлік ойлау элементтерін тәжірибелік әрекет арқылы қалыптастыру үшін аппараттық-платформалық әдіс тиімді. Bueschley, L. әдісте платформаны «fabric-based construction kit», яғни базалық техникалық-аппараттық құрылым ретінде қарастырады [10].

Аппараттық-платформалық әдіс платформаның ашық ортадағы техникалық мүмкіндіктерін меңгеруге назар аударады. Тек код жазу емес, электроника, сенсорика, схемотехника мен шығармашылық прототиптеуді бір уақытта біріктіреді. Білім алушы эстетикалық дизайн, тігу, құрастыру барысында инженерлік-техникалық шешімдер қабылдап үйренеді. Мұғалімнің рөлі білім алушыға «не істей алады – қалай істейді» механизмін түсіндірумен анықталады.

Әдіс нәтижелері Arduino Lilypad платформасында жұмыс жасауда мына әрекеттерді дұрыс ұйымдастыру әсеріне байланысты: құралдар мен компоненттерді таңдау, қолдану функциясын түсіну; логикалық қабілетті пайдаланып, эстетикалық және техникалық

шешімдерді анықтай алу; Arduino IDE арқылы алгоритмдік бағдарлама кодын жазу; тестілеу, қатемен жұмыс жасау; техникалық және шығармашылық дағдыларды синтездей алу.

2021 жылы Ahmed R. өз зерттеуінде [7] әдістің алгоритмдік ойлау құрылымын дамытып, өнімде «деректі қабылдау – өңдеу – әрекет ету» техникалық процесінің нәтижесін көруге болатынын атап өтеді. Ал, Hsu Y. 2024 жылғы еңбегінде [6] платформамен жұмыс жасау инженерлік ойлау қабілетін арттырып, интерактивті жобалардың мотивацияны көтереді делінген. Бұл зерттеу нәтижелері 2023 жылғы Resnick M. тұжырымдамасына сәйкес [4] білім алушыны «тұтынушыдан – жасаушыға» айналдыратын конструктивтік ортаның қалыптасуын көрсетеді. Әдіс білім алушының алгоритмдік ойлау күшін өсіріп, техникалық дағдыларын дамытады. Базалық түсінік алынған соң деректерді өңдеп, платформада дайын өнім жасап шығу жобалық-шығармашылық әдіс компонентіне ауысады.

Жобалық-шығармашылық әдісі инженерлік ойлау мен шығармашылық байланысын күшейтіп, пайдалануға дайын өнім жасауға фокус қояды. Білім алушы өнім идеясын жасауда «нені жасау керек – қалай істейді» механизмі бойынша ойланады. Әдісте Lilypad – Arduino платформасының шығармашылық бағыттағы тоқыма және киім өндірісінде сенсорлы аксессуар және интерактивті мата механизмін іске асыратын құралы ретінде қарастырылады. Өнімге қойылатын талаптар мен жасалатын әрекеттер нақты алгоритмді анықтайды [6]: мақсатты жоба жасауда пайдаланушы сұранысы мен мәселенін шешу жолын табу; техникалық, шығармашылық шешімдерді жобалау; шығармашылық прототип үлгісін жасау (алгоритмдік креативті код жазу, компоненттермен жұмыс); тестілеуден өткізу, қатемен жұмыс жасау; нәтижені функционалды бағалау, жақсарту мен жетілдіру; жобаны эстетикалық көркемдеу арқылы толықтыру.

Кореялық Na, Y. 2021 жылы LED-костюм жобасының жасалу нәтижесі [11] оқушылардың эстетикалық шешім шығару, функционалды дизайн идеясын және техникалық компоненттерді шығармашылық интеграциялау қабілетін дамытады деп көрсетеді.

Осылайша білім алушыларда техникалық шығармашылықты Arduino Lilypad платформасы негізінде қалыптастыруда бастауыш кезең ретінде аппараттық-платформалық әдіс ал, толыққанды құрылым қалыптастыруда жобалық-шығармашылық әдіс тиімділікті арттыратыны көрінді. Әдістердің өзара толықтырылып отыратын бұл моделі техникалық шығармашылықты педагогикалық тұрғыда дамытудың тиімді жүйесін құрайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Есенбекова Ұ. Төртінші өнеркәсіптік революция – қазақтың өркендеу дәуірі // Егемен Қазақстан. – 2022.
2. Шваб К. Төртінші индустриялық революция. – Аударма. – 2017.
3. Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Үкіметінің №988 қаулысы, 27.12.2019. – 32-33 б.
4. Resnick M. Creative learning with digital tools: New challenges and opportunities in the age of AI // British Journal of Educational Technology. – 2023. – Vol. 54, №5. – P. 1452-1467.
5. Benton L., Ching D. Creative coding and open hardware in education: Enhancing computational and design thinking // Education and Information Technologies. – 2022. – Vol. 27, №6. – P. 8125-8142.
6. Hsu Y.-C. Learning with Arduino-based interactive projects: Impact on engineering design skills and student motivation // International Journal of Engineering Education. – 2024. – Vol. 40, №1. – P. 45-59.
7. Ahmed R. Microcontroller-supported learning environments for developing algorithmic thinking: A study using Arduino kits // Computers in Human Behavior. – 2021. – Vol. 120. – Article 106751.
8. Jutila M., Rivasa H., Karhula P., Pantsar-Syväniemi S. Implementation of a Wearable Sensor Vest for the Safety and Well-being of Children // Procedia Computer Science. – 2014.
9. Диярова Л. Б., Абуова Ж. М., Баигубенова С. К., Камалова Г. А. Arduino-ны білім беру мақсатында қолдану // Труды университета. – 2024. – №3 (96). – С. 274-280.
10. Buechley L., Eisenberg M., Catchen J., Crockett A. The LilyPad Arduino: Using computational textiles to investigate engagement, aesthetics, and diversity in computer science education // Proceedings of the SIGCHI Conference on Human Factors in Computing Systems. – 2008. – P. 423.
11. Na, Y. A Study on the Development of LED Stage Costume Design Using Arduino Lilypad and Sound Sensor. – 2021. – P. 147-148.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17944405>
ӘОЖ 372.851

9-СЫНЫПТА «КЕЛТІРУ ФОРМУЛАЛАРЫ» ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУДА ЖОБАЛАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

ЖАЙЛИБАЙ СЫМБАТ МАХМУТҚЫЗЫ

2-курс магистранты, 7M01501 – Математика

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Ғылыми жетекші - PhD, аға оқытушы **КАПАРОВА РЫМКУЛ МУКАТАЕВНА**
Алматы, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақалада негізгі мектептің математика пәнін оқытуда жобалау әдісін ұйымдастыру мәселелері қарастырылады. «Келтіру формулалары» тақырыбы бойынша жоба-сабақ үлгісі ұсынылып, әдістемелік тұрғыдан сипатталады. Жобалау әдісін ұйымдастыруда оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлауын дамыту және топтық жұмыс дағдыларын жетілдіру келтіріледі. Мақалада көрсетілген әдістемелік ұсыныстар жобалау әдісін математика пәнін оқытуда тиімді енгізудің нақты жолдары көрсетіледі. Жобалау әдісінің оқыту үдерісіндегі тиімділігін, оқушылардың командалық жұмыс жасау дағдылары мен әлеуметтік бейімделу қабілеттерін қалыптастырудағы рөлі дәлелденеді.

Кілт сөздер: математика, болжам, жобалау, жоба-сабақ, сыни ойлау, жобалық оқыту технологиясы, логикалық құрылым, тригонометрия, рефлексия, математикалық модельдеу.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі қарқынды өзгерістер кезеңін бастан өткеруде. Білім алушы тұлғасының жан-жақты дамуы, оның қоғамдағы өзгерістерге бейімделе білуі, дербес шешім қабылдауы - бүгінгі күннің басты талабы. Осыған байланысты педагогикалық тәжірибеде оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері мен технологиялары енгізілуде. Соның ішінде жобалау әдісі немесе жобалық оқыту технологиясы - оқушының танымдық белсенділігін арттыруға, білімді тәжірибе арқылы қолдануға бағытталған ең тиімді инновациялық тәсілдердің бірі.

Жобалау әдісі оқушылардың тек пәндік білімін ғана емес, сонымен қатар метапәндік және тұлғалық құзыреттерін қалыптастырады. Оқушы өз бетінше мақсат қойып, ақпарат іздеп, оны өңдеп, нәтижесін талдап, қорғай алады. Бұл әдіс оқушының оқу әрекетін белсенді, саналы, шығармашылық сипатқа ие етеді.

Жобалау әдісінің идеясы алғаш рет XX ғасырдың 20-жылдары АҚШ-та Джон Дьюи еңбектерінде гуманистік бағыттағы білім беру концепцияларымен бірге дамыды. Дьюидің пайымдауынша, оқушылардың танымдық іс-әрекеті өмірмен байланысты болуы қажет, ал оқыту олардың нақты проблемаларды шешу барысында белсенді әрекетке енуіне жағдай жасау тиіс. Бұл идеялар кейін бүкіл әлемге таралып, әр елдің білім жүйесінде түрлі модификациялар арқылы қолданыс тапты. Осы идеяларды одан әрі дамытқан ресейлік ғалымдар (В.Л. Пестерева және т.б.) жобалау әдісінің кезеңдерін, құрылымын және педагогикалық мүмкіндіктерін сипаттады [1].

Жобалық оқытудың педагогикалық мәні - оқушыға дайын білімді бермей, оны білімді өз бетінше іздестіруге, өңдеуге, қолдануға жетелеу. Мұғалім ақпарат жеткізуші емес, бағыттаушы, кеңесші рөлін атқарады. Жобалық оқыту балалардың өзара әрекеттесуін дамытады, өйткені топ ішінде әр оқушы белгілі бір рөлді атқарады. Бұл олардың әлеуметтік бейімделуіне, жауапкершілікті сезінуіне, ынтымақтастыққа үйренуіне көмектеседі [2].

Жобалау әдісі мына міндеттерді шешуге бағытталады [3]:

- оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамыту;
- сыни тұрғыдан ойлау, талдау және салыстыру дағдыларын қалыптастыру;

- түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу қабілетін арттыру;
- топтық жұмыс мәдениеті мен коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- практикалық міндеттерді шешу барысында пәндік білімді қолдану.

Негізгі мектеп математикасы - абстрактылы ұғымдарға толы, нақты дәлелдеуді талап ететін пән. Сондықтан жобалау әдісін тиімді қолдану оқушылардың математикалық модельдеу, талдау, қорытынды жасау дағдыларын дамытады. Оқушы тек формуланы есте сақтап қана қоймай, оның мәнін, шығу логикасын, қолдану аясын түсінеді. Математиканы өмірмен байланыстыру да жобалық оқыту арқылы жүзеге асады. Математика пәнінде жобалау әдісін қолдану - күрделі, бірақ өте тиімді процесс. Әдетте математикадағы жобалар теориялық талдау, есептердің түрленуі, формулаларды шығару, графикалық бейнелеу, өмірлік жағдайларды математикалық модельдеу сияқты бағыттарға негізделеді.

Жобалау әдісінің оқу үдерісіндегі тиімділігін айқын көрсету үшін, ең алдымен, жобалық сабақтың құрылымына назар аудару қажет. Жобалық сабақ бірнеше өзара байланысқан кезеңдерден тұрады және олардың әрқайсысы оқушылардың жаңа білімді меңгеруіне, оны саналы түрде қолдануына өз үлесін қосады [4]. Осы кезеңдердің мазмұнын нақтырақ ашу мақсатында 9-сыныптың алгебра курсындағы «Келтіру формулалары» тақырыбы бойынша өткізілген жоба-сабақтың үлгісін келтірейік.

1. Мұғалімнің дайындық кезеңі. Мұғалім сабақтың мақсатын анықтап, сабақ жоспарын, тапсырмаларды, бағалау критерийлерін және оқу материалдарын әзірлейді. Бұл кезеңде сабақтың логикалық құрылымы толық жобаланады.

2. Білімді өзектендіру кезеңі. Бұл кезең кез келген сабақ типіне тән және жобалық жұмыстың сәтті орындалуы үшін қажетті білімдерді еске түсіруге бағытталады. Осы сатыда оқушылар: негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер; тригонометриялық шеңбер; тригонометриялық функциялардың ($\sin \alpha$, $\cos \alpha$, $\tan \alpha$, $\cot \alpha$) таңбалары; әртүрлі бұрыштар үшін $\sin \alpha$, $\cos \alpha$, $\tan \alpha$, $\cot \alpha$ мәндері; тригонометриялық формулалардың косу формулаларын еске түсіреді.

3. Проблемалық жағдай тудыру. Мұғалім оқушыларға жаңа тақырыпқа қатысты сұрақ қоя отырып, оларды мәселені анықтауға бағыттайды. Оқушылар үшін өзекті, шешуді қажет ететін мәселе қойылады.

4. Жобаны орындау кезеңі. Топтық жұмыс жүргізіледі. Мұғалім әр топқа алдыңғы білімдерге сүйене отырып, жаңа формулалар мен тұжырымдар шығаруға мүмкіндік беретін тапсырмалар ұсынылады. Мұнда оқушылар өз бетінше талдау жасап, косу формулаларын пайдаланып, $\pi \pm \alpha$, $2\pi \pm \alpha$, $\frac{\pi}{2} \pm \alpha$, $\frac{3\pi}{2} \pm \alpha$ бұрыштар үшін $\sin \alpha$, $\cos \alpha$, $\tan \alpha$, $\cot \alpha$ мәндерін анықтайды. Әр топтың жұмысы нәтижесінде жалпы кесте қалыптасады. Бұл тапсырманы орындау барысында әр топ білім беру процесіне өзіндік үлесін қосады: оқушылар жаңа формулаларды шығарады, нәтижесінде күрделі есептеулерді ұзақ жүргізбей-ақ бұрыштардың мәндерін тез анықтауға мүмкіндік алады.

Жобалық жұмыс барысында топтар күрделі кезеңнен өтеді: рөлдерді бөлу, білімді өзектендіру, шешімдердің дұрыстығын тексеру, сондай-ақ өз жұмыстарын қорғау.

Жобалық жұмыста мұғалім оқыту үдерісін үйлестіреді, уақыт пен тәртіпті қадағалайды, яғни ұйымдастырушы рөлін атқарады. Мұғалім оқушылар қойған сұрақтарға жауап бере алады, алайда өзінің пікірін таңбауы тиіс. Керісінше, оқушылардың өз ойларын айтуына мүмкіндік беріп, тіпті қателесе де, олардың пікірін тыңдауға жағдай жасауы маңызды.

5. Қорытындылау және рефлексия кезеңі. Қорытындылау және рефлексия кезеңінде оқушылар өз жұмысының нәтижесін бағалап, сабақтың мақсатына жеткенін анықтайды. Әрбір топ тақтадағы жалпы кестені толықтырады. Бұл кесте ең жиі қолданылатын 8 түрлендіру формуласын біріктіріп, мемлекеттік емтихандардағы есептерді шешуде де маңызды ресурсқа айналады. Келтіру формуласы 1 - суретте келтірілген.

β	$\sin \beta$	$\cos \beta$	$\operatorname{tg} \beta$	$\operatorname{ctg} \beta$
$\pi/2 + \alpha$	$\cos \alpha$	$-\sin \alpha$	$-\operatorname{ctg} \alpha$	$-\operatorname{tg} \alpha$
$\pi + \alpha$	$-\sin \alpha$	$-\cos \alpha$	$\operatorname{tg} \alpha$	$\operatorname{ctg} \alpha$
$3\pi/2 + \alpha$	$-\cos \alpha$	$\sin \alpha$	$-\operatorname{ctg} \alpha$	$-\operatorname{tg} \alpha$
$2\pi + \alpha$	$\sin \alpha$	$\cos \alpha$	$\operatorname{tg} \alpha$	$\operatorname{ctg} \alpha$
$-\alpha$	$-\sin \alpha$	$\cos \alpha$	$-\operatorname{tg} \alpha$	$-\operatorname{ctg} \alpha$
$\pi/2 - \alpha$	$\cos \alpha$	$\sin \alpha$	$\operatorname{ctg} \alpha$	$\operatorname{tg} \alpha$
$\pi - \alpha$	$\sin \alpha$	$-\cos \alpha$	$-\operatorname{tg} \alpha$	$-\operatorname{ctg} \alpha$
$3\pi/2 - \alpha$	$-\cos \alpha$	$-\sin \alpha$	$\operatorname{ctg} \alpha$	$\operatorname{tg} \alpha$
$2\pi - \alpha$	$-\sin \alpha$	$\cos \alpha$	$-\operatorname{tg} \alpha$	$-\operatorname{ctg} \alpha$

Сурет 1 - Келтіру формулалары

Қорытындылау және рефлексия кезеңінде оқушылардың мынадай дағдылары айқын көрінеді: өз пікірін дәлелді түрде қорғау, топ мүшелерінің көзқарасына құрметпен қарау және төзімділік таныту. Сонымен қатар, әрбір оқушы жобаның нақты нәтижесін - келтіру формулаларының кестесін көріп, оны болашақта есептерді шешуде тиімді пайдалануға мүмкіндік алады. Көрнекі және жүйелі нәтиже сабақ мақсатының нақты орындалғанын анық көруге жағдай жасайды.

Келтіру формулалары тақырыбының технологиялық картасы 1 - кестеде көрсетілген.

Кесте 1 - Келтіру формулалары

Тақырыбы: «Келтіру формулалары»

Оқу процесінің логикалық құрылымы	M1	M2
Мақсат қою M1. Келтіру формулаларын түсіну	Болжау Б1. 1. Төмендегі өрнектерді бұрышы α болатын тригонометриялық функцияға келтіріңдер: а) $\sin(90^\circ - \alpha)$; ә) $\cos(270^\circ + \alpha)$; б) $\tan(180^\circ + \alpha)$. 2. Берілген тригонометриялық өрнектерді келтіру формуласын қолданып түрлендіріңдер: а) $\sin\left(\frac{\pi}{2} + \alpha\right)$; ә) $\cos(2\pi - \alpha)$; б) $\cot\left(\frac{3\pi}{2} - \alpha\right)$.	Түзету Келтіру формулаларын бұрыштың қай ширекте орналасуына қарай дұрыс қолдана алмайды. Таңбаларды дұрыс анықтауда қателеседі.
M2. Келтіру формулаларын есепте қолдану	Б2. 1. Келтіру формулаларын қолданып есептеңдер: а) $\sin 240^\circ$; ә) $\cos 300^\circ$; б) $\tan 210^\circ$. 2. Тепе-теңдікті дәлелдендер: а) $\cos^2(180^\circ - x) + \cos^2(270^\circ + x) = 1$;	Радиян мен градусты шатастырады. Қосу-азайту ережелерін қолдануда қателеседі.

	$\text{ә) } \operatorname{tg}(2\pi - x) \cdot \operatorname{tg}\left(\frac{3\pi}{2} - x\right) = -1.$ M1, M2 бойынша бақылау жүргізіледі.	
Үй тапсырмасын мөлшерлеу		
Қанағаттандырылдық (стандарт)	Жақсы	Өте жақсы
А.Е. Әбілқасымова M1. № 23.1 M2. № 23.2	А.Е. Әбілқасымова № 23.5 № 23.7	А.Е. Әбілқасымова № 23.9 № 23.10

Ескерту: Кестеде көрсетілген есептер А.Е. Әбілқасымованың «Алгебра» атты оқулығынан алынған [5].

Жобалау әдісі - қазіргі білім беру талаптарына толық сай келетін, оқушыларды белсенді, дербес, шығармашыл тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал ететін тиімді әдіс. Математика сабақтарында оны жүйелі қолдану білім сапасын арттырумен қатар, оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытуға да қызмет етеді. Әсіресе, негізгі мектеп кезеңінде жобалық жұмыс оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын, зерттеушілік дағдыларын, топпен бірлесе жұмыс істеу қабілеттерін қалыптастырады. Сонымен бірге бұл әдіс оқушыларды өз бетімен шешім қабылдауға, жауапкершілікті сезінуге, алынған білімді практикада қолдануға үйретеді. Демек, жобалау әдісін математика сабақтарына енгізу - оқыту сапасын арттырудың, оқушылардың тұлғалық дамуын қамтамасыз етудің және заманауи білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті жас ұрпақты қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі.

Қорыта келгенде, оқу үдерісінде келтіру формулалары тақырыбына жобалау әдісін қолдану оқушылардың математикалық білімін тереңдетіп қана қоймай, оны тәжірибелік жағдайларда тиімді қолдануға зор мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Корнетов Г. Б. Восхождение к методу проектов У. Х. Килпатрика // Народное образование. - 2020. - №5. - С.137-147. [Электронный ресурс]. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/voshozhdenie-k-metodu-proektov-ulyama-kilpatrika/viewer> (қаралған күні: 30.09.25 г).
2. Рыбина И. Р., Попова И.Ю. Проектное обучение как элемент организации учебной деятельности в контексте современного образования // Народное образование. - 2014. - №4. - С.299-302. [Электронный ресурс]. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/proektnoe-obuchenie-kak-element-organizatsii-uchebnoy-deyatelnosti-v-kontekste-sovremennogo-obrazovaniya/viewer> (қаралған күні: 01.10.25 г).
3. Завьялова И. И. Метод проектов в обучении математике основной школы: дисс. ... канд. пед. наук. - Пермь, 2017. - 215 с. [Электронный ресурс]. - URL: https://vkr.pspu.ru/uploads/5356/Zav'yalova_vkr.pdf (қаралған күні: 02.10.25 г).
4. Яковлева Н.Ф. Проектная деятельность в образовательном учреждении: учебное пособие / Н.Ф. Яковлева. - 2-е изд., стер. - М.: ФЛИНТА, 2014. - 144 с.
5. Әбілқасымова А.Е., Кучер Т.П., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.А. Алгебра: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-бөлім - Алматы: Мектеп, 2019. – 154 б.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17944420>

**ОСНОВЫ МЕТОДА 4МАТ: ИСТОРИЯ И КОНЦЕПЦИЯ БЕРНИС МАККАРТИ.
РАССКАЗ О ПРОИСХОЖДЕНИИ МЕТОДА, ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ
БАЗЕ, СВЯЗЬ С ЛЕВЫМ И ПРАВЫМ ПОЛУШАРИЯМИ МОЗГА**

Т.Х. УМИРБАЙ

магистрант.

Научная руководительница: **Г.А. АБДИКАРИМОВА**, к.п.н.,
ст. преподаватель КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье "Основы метода 4МАТ: история и концепция Бернис Маккарти" анализируется инновационная педагогическая модель, разработанная американским педагогом Бернис Маккарти. Раскрывается история создания метода, который стал развитием цикла обучения Дэвида Колба за счет интеграции теории стилей обучения и принципов функциональной асимметрии мозга. Подробно описана концептуальная основа 4МАТ, включающая четыре последовательные фазы обучения, организованные вокруг вопросов «Почему?», «Что?», «Как?» и «Если?», а также их соответствие четырем основным типам. В статье показано, как метод 4МАТ обеспечивает целостное вовлечение учащихся, активируя левое и правое полушария мозга, что существенно повышает мотивацию, вовлеченность и качество усвоения материала. Отдельное внимание уделено практическому значению модели в образовании, корпоративных тренингах и управлении. Делается вывод о значимости 4МАТ как эффективного каркаса для проектирования сбалансированных и инклюзивных учебных программ.

Ключевые слова. Метод 4МАТ, Цикл обучения Колба, Стили обучения, Типы учащихся, Асимметрия мозга

**4МАТ ӘДІСІНІҢ НЕГІЗДЕРІ: БЕРНИС МАККАРТИДІҢ ТАРИХЫ МЕН
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ. ӘДІСТІҢ ШЫҒУ ТЕГІ, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАЗАСЫ, МИДЫҢ СОЛ ЖӘНЕ ОҢ ЖАРТЫ ШАРЛАРЫМЕН
БАЙЛАНЫСЫ**

Т.Х. УМИРБАЙ

магистрант.

Ғылыми жетекшісі: **Г.А. АБДИКАРИМОВА**
П.Ғ.К., аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

Аннотация. «4МАТ әдісінің негіздері: Бернис Маккартидің тарихы мен концепциясы» атты мақалада америкалық педагог Бернис Маккарти әзірлеген инновациялық педагогикалық модель талданады. Әдістің жасалу тарихы ашылып, оның Колбтың оқу цикліне оқу стильдері теориясы мен мидың функционалдық асимметриясы қағидаларын біріктіру арқылы дамытылғаны көрсетіледі. 4МАТ әдісінің тұжырымдамалық негізі жан-жақты сипатталып, «Неге?», «Не?», «Қалай?» және «Егер?» деген сұрақтарға негізделген төрт кезенді оқу фазасы және олардың төрт негізгі оқушы типіне (Шығармашылық, Аналитикалық, Прагматикалық, Динамикалық) сәйкестігі талданады. Мақалада 4МАТ әдісінің оқушыларды жан-жақты тартуы, мидың сол және оң жарты шарларын белсендіру арқылы мотивацияны, қатысуды және материалды меңгеру сапасын арттыруы көрсетілген. Модельдің білім беру, корпоративтік тренингтер және менеджмент салаларындағы практикалық маңызына ерекше көңіл бөлінеді. 4МАТ әдісінің теңгерімді және инклюзивті оқу

бағдарламаларын жобалауға арналған тиімді құрылым екендігі туралы қорытынды жасалады.

Кілт сөздер: 4MAT әдісі, Колбтың оқу циклі, оқу стильдері, оқушы типтері, мидың асимметриясы

FUNDAMENTALS OF THE 4MAT METHOD: THE HISTORY AND CONCEPT OF BERNICE MCCARTHY. A STORY ABOUT THE ORIGIN OF THE METHOD, THE PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL BASIS, THE CONNECTION WITH THE LEFT AND RIGHT HEMISPHERES OF THE BRAIN

T.KH. UMIRBAY

Master's student.

Scientific advisor: G.A. Abdikarymova, PhD in Pedagogical Sciences, Senior Lecturer at KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article “Fundamentals of the 4MAT Method: History and Concept by Bernice McCarthy” analyzes the innovative pedagogical model developed by American educator Bernice McCarthy. It reveals the history of the method’s creation, which evolved from David Kolb’s learning cycle through the integration of learning styles theory and the principles of functional brain asymmetry. The conceptual foundation of the 4MAT model is described in detail, including four sequential phases of learning organized around the questions “Why?”, “What?”, “How?”, and “If?”, as well as their correspondence to four major learner types (Imaginative, Analytical, Common Sense, Dynamic). The article demonstrates how the 4MAT method ensures holistic learner engagement by activating both the left and right hemispheres of the brain, which significantly enhances motivation, involvement, and quality of learning. Special attention is given to the practical significance of the model in education, corporate training, and management. The article concludes that 4MAT is an effective framework for designing balanced and inclusive instructional programs.

Keywords: 4MAT method, Kolb’s learning cycle, learning styles, learner types, brain asymmetry

Введение

В современном образовательном пространстве, характеризующемся разнообразием учебных потребностей и индивидуальных стилей восприятия, особую ценность приобретают гибкие и целостные методики. Одной из таких методик является метод 4MAT (Four Styles, Four Modes of Learning) - модель организации обучения, разработанная американским педагогом Бернис Маккарти. Этот метод предлагает динамичный цикл, который последовательно вовлекает учащихся с разными стилями обучения, обеспечивая глубокое понимание и прочное усвоение материала.

Цель данной статьи - раскрыть историю создания метода 4MAT, проанализировать его концептуальные основы, включая психолого-педагогическую базу и четыре фазы обучения, а также показать его влияние и практическое значение в современном образовательном и корпоративном процессе.

Метод 4MAT был создан Бернис Маккарти (Bernice McCarthy), известным американским специалистом в области педагогики и разработки учебных программ. Ее профессиональный опыт был сосредоточен на изучении того, как люди учатся, и на создании инклюзивных учебных сред. В 1970-х годах она основала образовательную компанию About Learning, посвятив свою работу внедрению научно обоснованных подходов к обучению. Вклад Маккарти заключается в создании практической, легко применимой модели, которая объединила теорию стилей обучения с теорией функциональной асимметрии мозга [1].

Ключевым истоком метода 4МАТ стала модель цикла обучения Дэвида Колба (David Kolb's Experiential Learning Cycle). Колб предположил, что эффективное обучение происходит по циклу, включающему четыре стадии:

Конкретный опыт (Concrete Experience, CE)

Рефлексивное наблюдение (Reflective Observation, RO)

Абстрактная концептуализация (Abstract Conceptualization, AC)

Активное экспериментирование (Active Experimentation, AE) [2].

Маккарти признала значимость цикла Колба, но обнаружила, что для создания полного цикла преподавания необходимо учесть не только смену видов деятельности, но и индивидуальные предпочтения учащихся. Она дополнила модель Колба данными психолого-педагогических исследований, в частности, о работе левого и правого полушарий мозга, что привело к разработке инновационной, 8-шаговой модели обучения, получившей название 4МАТ [3].

Метод 4МАТ был представлен в начале 1980-х годов. Он быстро получил признание в мире образования и корпоративных тренингов благодаря своей структурированности и эффективности. Модель легла в основу разработки учебных программ, поскольку позволяет преподавателям и тренерам создавать уроки, которые начинаются с мотивации и заканчиваются творческим применением, обеспечивая вовлеченность всех четырех типов учащихся [4].

Метод 4МАТ основывается на двух ключевых принципах: цикличности обучения и интеграции различных стилей восприятия через работу обоих полушарий мозга.




Рисунок – 1. Цикл 4МАТ и его фазы

Модель 4МАТ организует процесс обучения вокруг четырех основных вопросов, которые формируют полный цикл.

Фаза 1: ПОЧЕМУ? (Why?) - Мотивация и связь с опытом.

Установление личной связи с темой, обсуждение опыта, рефлексия, ответы на вопрос: "Почему мне это нужно знать?". Создание конкретного опыта и рефлексивного наблюдения.

Фаза 2: ЧТО? (What?) - Концепции и информация.

Предоставление фактической информации, лекции, чтение, анализ данных, ответы на вопрос: "Что это такое?". Процесс: Рефлексивное наблюдение и абстрактная концептуализация.

Фаза 3: КАК? (How?) - Применение и практика.

Практические задания, решение проблем, тренировка навыков, ответы на вопрос: "Как это работает?". Абстрактная концептуализация и активное экспериментирование.

Фаза 4: ЕСЛИ/ЧТО ЕСЛИ? (If/What if?) - Интеграция и творчество [5].

Разработка собственных решений, творческое применение, преподавание материала другим, ответы на вопрос: "Что, если я применю это по-другому?". Активное экспериментирование и возврат к конкретному опыту для начала нового цикла. Уникальность 4МАТ в том, что Маккарти связала фазы обучения с функциональной асимметрией мозга. Правое полушарие (Right-Brain). Преобладает в Фазах "Почему?" (творчество, эмоции, целостное восприятие) и "Если?" (интуиция, синтез). Оно отвечает за вовлечение и интеграцию. Левое полушарие (Left-Brain). Преобладает в Фазах "Что?" (логика, факты, последовательность) и "Как?" (планирование, анализ). Оно отвечает за передачу информации и освоение навыков (рисунок - 1) [6].

Метод 4МАТ сознательно чередует деятельность, задействующую оба полушария, тем самым обеспечивая более полное и сбалансированное обучение. Модель 4МАТ выделяет четыре основных типа учащихся, каждый из которых имеет свою зону комфорта (предпочтительную фазу входа в цикл) и свой способ восприятия информации (таблица - 1).

Таблица - 1. Типы учеников и соответствие фазам цикла

Тип ученика	Вопрос/ Фаза входа	Основной стиль обучения	Характеристики
Тип1 (Творческий)	Почему?	Наблюдающий расходитель	Ценит личный смысл, вовлечение, обсуждение. Отвечает на вопрос: "Зачем мне это нужно?".
Тип2 (Аналитический)	Что?	Ассимилятор	Ценит факты, концепции, точность, логику. Отвечает на вопрос: "Что это такое?".
Тип 3 (Здравый смысл)	Как?	Конвергент	Ценит практическое применение, решение проблем, эффективность. Отвечает на вопрос: "Как это работает?".
Тип4 (Динамический)	Если/Что если?	Активный адапатор	Ценит открытие, экспериментирование, творчество, способность адаптировать знания. Отвечает на вопрос: "Что я могу создать с этим?".

Метод 4МАТ позволяет преподавателю адаптировать процесс под разные стили восприятия, гарантируя, что:

Вовлечены (Тип 1) - через личный опыт и рефлексия.

Поняты (Тип 2) - через структурированную информацию.

Освоены навыки (Тип 3) - через практику и применение.

Интегрированы (Тип 4) - через творческое обобщение и перенос знаний в новые контексты [7].

Метод 4МАТ получил широкое распространение в различных сферах. Используется для разработки учебных планов, создания пошаговых уроков и оценки учащихся. Он помогает преподавателям создавать сбалансированные занятия, которые не сфокусированы исключительно на передаче фактов (Фаза 2). Применяется для повышения квалификации, обучения новым продуктам и развитию лидерских качеств. Цикличность 4МАТ обеспечивает не просто информирование, а реальное изменение поведения и навыков. Помогает

менеджерам лучше понимать и вовлекать сотрудников с разными рабочими стилями, а также более эффективно проводить совещания и презентации, структурируя их по циклу "Почему-Что-Как-Если" [8].

Использование 4MAT напрямую влияет на мотивацию учащихся. Начиная с вопроса "Почему?", метод сразу устанавливает личную значимость материала, что является мощным стимулом. Постоянная смена видов деятельности и вовлечение всех четырех типов учеников в течение одного цикла предотвращает скуку и поддерживает высокий уровень вовлечения. Учащиеся видят полный путь от идеи до реализации, что повышает их самооффективность и интерес к предмету [9].

Метод 4MAT успешно используется в школах и университетах по всему миру, включая США, Канаду, Австралию и Европу. Его также активно применяют такие крупные компании, как Motorola, IBM, Boeing и другие, для разработки внутренних обучающих программ, где требуется не просто запоминание, а глубокая интеграция новых знаний в рабочие процессы [10].

Заключение

Метод 4MAT Бернис Маккарти представляет собой не просто инструмент, а философию целостного обучения. Он преодолевает ограничения традиционных методов, предлагая структурированный и инклюзивный подход, который учитывает естественный цикл обучения и индивидуальные стили восприятия. Чередование фаз "Почему", "Что", "Как" и "Если" гарантирует, что учащийся не только получит информацию, но и поймет ее смысл, научится применять и творчески интегрирует в свою жизнь.

Перспективы применения и развития метода связаны с персонализацией образования и интеграцией в цифровые обучающие среды. Модель 4MAT может стать основой для алгоритмов адаптивного обучения, которые будут динамически подстраивать контент и задания под преобладающий стиль и текущую фазу цикла обучения конкретного пользователя, сохраняя свою актуальность как эффективный каркас для проектирования успешного образовательного опыта в будущем.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДБИЕТТЕР

1. McCarthy, B. *The 4MAT System: Teaching to Learning Styles with Right/Left Mode Techniques*. - Barrington, IL: EXCEL, 1987. – 201 p.
2. McCarthy, B.; McCarthy, D. *Teaching Around the 4MAT Cycle: Designing Instruction for Diverse Learners with Diverse Learning Styles*. - Thousand Oaks, CA: Corwin Press, 2006. – 256 p.
3. Kolb, D. A. *Experiential Learning: Experience as the Source of Learning and Development*. – Englewood Cliffs: Prentice Hall, 1984. – 256 p.
4. Gardner, H. *Frames of Mind: The Theory of Multiple Intelligences*. – New York: Basic Books, 1983. – 440 p.
5. Sperry, R. *Cerebral Organization and Behavior*. – New York: McGraw-Hill, 1975. – 182 p.
6. Springer, S.; Deutsch, G. *Left Brain, Right Brain: Perspectives from Cognitive Neuroscience*. – New York: W. H. Freeman, 1998. – 348 p.
7. Felder, R. M.; Silverman, L. K. Learning Styles and Teaching Styles in Engineering Education // *Engineering Education*. – 1988. – Vol. 78, No. 7. – P. 674–681.
8. Jensen, E. *Brain-Based Learning: The New Science of Teaching and Training*. – San Diego: The Brain Store, 2000. – 270 p.
9. Armstrong, T. *The Best Schools: How Human Development Research Should Inform Educational Practice*. – Alexandria, VA: ASCD, 2006. – 200 p.
10. 4MAT Learning Model [Electronic resource]. – URL: <https://aboutlearning.com/4mat/>.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.17944456>

EXPRESSIVE MEANS OF ADJECTIVES IN ENGLISH AND THEIR EQUIVALENTS IN KAZAKH

САЯБЕК МАДИНА АЛМАСҚЫЗЫ

Мирас университеті
Шымкент, Қазақстан

Abstract. *Adjectives play a significant role in shaping the expressiveness of a statement, as they allow us to clarify objective characteristics and convey emotional and evaluative characteristics. In English and Kazakh, adjectives are important means of creating imagery, but the ways in which they are used expressively differ significantly due to typological features: the analytic nature of English and the agglutinative nature of Kazakh. This article is devoted to a comparative analysis of the expressive means of adjectives in English and Kazakh. Particular attention is paid to the peculiarities of conveying the expression of English adjectives in Kazakh, identifying correspondences and discrepancies. Examples of translation solutions demonstrating semantic and cultural differences are provided. The study shows that adjectives in both languages have a wide potential for expressing emotional and evaluative meanings, but the ways in which they are realized differ due to the morphological structure and typological features of the languages.*

Keywords: *adjective, expressiveness, English language, Kazakh language, translation, degree of comparison, evaluative adjectives, semantics.*

Every language has a huge number of expressive means that we can use to express our thoughts in different situations. When reflecting reality in their minds, people can structure it in different ways, identify objects with themselves in different ways, and separate them from each other. This process is reflected in language. Expressiveness is a special structural organization of speech that makes written and spoken language lively and unique, creating memorable images. The attention and interest of the addressee can be maintained only if boring and predictable linguistic means are avoided. Information will not go beyond their short-term memory unless speech is given energy and a sense of novelty. At the same time, expressiveness should ensure full perception of speech and the information it contains.

